

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 мамырдағы N 468 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршылары, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 1996 ж., N 2, 186-құжат, 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 15, 63-құжат 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 2-баптың төртінші бөлігіндегі "жүру қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі ережелерін қадағалау, өртке қарсы қауіпсіздік, техника-технологиялық және санитарлық нормалар" деген сөздер "көлік құралдарын техникалық реттеу (бұдан әрі - қауіпсіздік) саласындағы қауіпсіздік және адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін өмірлік циклінің процестері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-баптың бірінші бөлігіндегі "лицензиялау" деген сөзден кейін "техникалық реттеу," деген сөзбен толықтырылсын;

3) 11-баптың бірінші бөлігінің төртінші абзацындағы "сертификат" деген сөз "

сәйкестікті растау саласындағы құжаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Көлік құралдары көлік саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігі бойынша талаптар мен нормаларға сәйкес келуі, сәйкестікті растау саласында құжаты болуы, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелуі тиіс.

Көлік құралдарының сәйкестігін растау тәртібі Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленеді.

Техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін көлік-құралдары әкелінуге, сатылуға және пайдаланылуға тиісті емес.";

5) 23 - бапта :

5-бөліктегі "қоршаған орта ластануының алдын алатын, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды және қайта өндіруді қамтамасыз ететін, экологиялық қауіпсіздік пен халық денсаулығын қорғауға кепілдік беретін айналадағы орта сапасының нормативтері" деген сөздер "адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген талаптар" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "тиісті барлық шараларды жүзеге асыру" деген сөздер " белгіленген нормаларды сақтауды қамтамасыз ету" сөздерімен ауыстырылсын.

2. "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің жаршысы, 1995 ж., N 11, 76б; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-б; 1999 ж., N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 6, 34-құжат; N 11, 56б; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат ; 2005 ж., N 16, 70 - құжат) :

1) 1-баптың 7-тармақшасы "мұнай операцияларын жүргізудегі мемлекеттік реттеумен" деген сөздермен толтырылсын;

2) 2-баптың 1-тармағы ", сондай-ақ мұнай және оның өмірлік циклінің процестеріне адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздіктің (бұдан әрі - қауіпсіздік) жалпы талаптарын белгілейді" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 13)-тармақшамен толықтырылсын:

"13) мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне арналған техникалық регламенттерді бекітеді." ;

4) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12), 13), 14)-тармақшалармен толықтырылсын :

"12) мұнай операцияларын жүргізу және мұнайды тасымалдау саласында адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған орта үшін зиян келтіру тәуекелдеріне талдау және бағалау жүргізу ;

13) мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне арналған техникалық регламенттерді әзірлеу;

14) мұнай және оның өмірлік циклінің процестеріне техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.";

5) 30-4-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Табиғи газды өндіру кезінде адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптар мен нормалар орындалуы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін өлшеу жабдықтары мен құралдары қолданылуы керек." ;

6) 36-3-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Теңізде мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану кезінде жүргізілетін операциялардың адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар мен нормалардың сақталуы қамтамасыз етілуі керек."

7) Мынадай мазмұндағы 39-1-баппен толықтырылсын:

"39-1-бап. Мұнай операциялары мен мұнайды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Мұнай операцияларын жүргізген және мұнайды тасымалдау кезінде қауіпсіздік белгіленген нормаларды, адам өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ұйымдастыру және техникалық іс-шаралар кешенінің орындалуы, сондай-ақ салу және пайдалану кезінде жерасты және жерүсті өнеркәсіптік жабдықтар мен құрылыстардың апатсыз жұмыс істеуін, оның жөнделген жағдайда ұсталуы, сондай-ақ мүмкін апаттарды болдырмау қамтамасыз етілуі керек.

2. Техникалық реттеу объектілері мұнай, сондай-ақ оның өмірлік циклінің процестері болып табылады.

3. Мұнай операцияларын жүргізу және мұнайды тасымалдау кезінде мердігер пайдаланатын жабдық пен өзге де мүлік техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

4. Мұнайды төгу және құю тәртібі, сақтау және тасымалдау жабдықтарының конструкциясы мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне техникалық регламенттермен белгіленген өрт қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуі тиіс.

5. Қайта өңдеу үшін мұнай өңдейтін заводтарға жеткізілетін мұнай осы Заңда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуі тиіс.

6. Мұнайды тасымалдау ауа, теміржол, теңіз, өзен және автомобиль көліктеріне қолданылатын ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы және мұнайдың сақталуын қамтамасыз етуі және мұнайды төгіп алуды болдырмауы тиіс."

8) 41-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне осы заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтауға";

б) тармақшада "мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға" деген сөздер "мұнай айналымы саласындағы техникалық регламенттерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшада "егер бұл қызметтер көрсету мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сай болған жағдайда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен нормаларды сақтаған жағдайда" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 45-бапта "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Су асты труба құбырлары мен кабельдерін орнату, тарту мен пайдалану кезінде қауіпсіздік пен айналадағы ортаны қорғау ережелеріне" деген сөздер "мұнай айналымы саласындағы техникалық регламенттерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршылары, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2001 ж., N 23, 321-бет; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-бет; 2003 ж., N 10, 54-бет; 2004 ж., N 23, 142-құжат, 2005 ж., N 7 - 8 , 23 - құжат) :

5-баптың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерін" деген сөздер "мүддесін, адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 31-1-бап алынып тасталсын;

3) 31-3-баппен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"31-3-бап. Әуе кемелері және олардың жабдықтары қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық реттеу

Техникалық реттеу объектілері:

- 1) әуе кемесі және оның жабдықтары;
- 2) әуе кемесі және оның жабдықтарын жобалау процесі;
- 3) әуе кемесі және оның жабдықтарын өндіру процесі;
- 4) әуе кемесі және оның жабдықтарын пайдалану процесі;
- 5) әуе кемесі және оның жабдықтарын тасымалдау және сақтау процесі;
- 6) әуе кемесі және оның жабдықтарын жүзеге асыру процесі;
- 7) әуе кемесі және оның жабдықтарын пайдалану және жою процесі.

Әуе кемелері және олардың жабдықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық реттеу саласындағы негізгі талаптар әуе кемелерінің және олардың жабдықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттерде белгіленеді. "

4. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан

Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357 бет; N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 16, 70-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы N 30-31 "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін жер қойнауын пайдалану саласында өнімнің, оның өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.";

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) жер қойнауын пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді.";

3) 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12), 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) жер қойнауын пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

13) жер қойнауын пайдалану саласында адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян тигізу қаупіне талдау және бағалау жүргізеді;

4) 8-3-баптың 1-тармағындағы "мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 63-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"1-1) жер қойнауын пайдалану саласында адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;"

1-тармақтың 7) тармақшасындағы "мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 63-2-бапта:

1-тармақта "мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "белгіленген стандарттарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 1996 ж., N 11-12, 263 б; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат, N 23, 142-құжат, 2006 ж., N 5-құжат):

1) 1 0 - б а п т а :

он бірінші абзацтағы "мемлекеттік инспекцияны" деген сөздер "мемлекеттік бақылауды" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді.";

2) 1 1 - б а п т а :
е к і н ш і б ө л і м д е :

үшінші абзацтағы "нормативтерді, стандарттарды және ережелерді" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;
оныншы абзацтағы "мемлекеттік инспекцияға басшылық етеді" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он сегізінші және он тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында зардап шеккендерге, оның ішінде апаттық-құтқару жұмыстарының қызметкерлеріне шұғыл медициналық көмек көрсетеді;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында техникалық регламенттерді әзірлейді.";

3) 12-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында техникалық регламенттерді әзірлеуге қатысады (немесе әзірлейді).";

4) 14-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы техникалық регламенттерін талдау.";

5) 25-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы" деген сөздер алынып тасталсын;

6) 26-баптың екінші бөлігіндегі "алдын ала жобалау, сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын;

7) 34-баптағы "стандарттар" деген сөз "техникалық регламенттер" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі N 29-1 Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламент Жаршылары, 1996 ж., N 14, 273-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; N 12, 82-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат))

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында техникалық реттеу;"

2) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттерді

б е к і т у ; " ;

3) 7-бап мынадай мазмұнда толтырылсын:

"- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттерді ә з і р л е у . " ;

4) 1 8 - б а п т а :

бап атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Көлік құралдарын пайдалану кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жалпы талаптар";

1-тармағындағы "стандарттар мен басқа да нормативтік құжаттардың" деген сөздер "белгіленген техникалық регламенттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағындағы "техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдар бекітетін ережелер мен рәсімдерге сәйкес міндетті түрде сертификатталуға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес сәйкестігі расталуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармағы екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Механикалық көлік құралы мен тіркемені техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растайтын сәйкестікті растау саласындағы құжатсыз мемлекеттік тіркеуге тыйым салынады.";

4-тармағындағы "сертификаттауды" деген сөз "Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкес сәйкестікті растау процедурасын" деген сөздермен ауыстырылсын.";

5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жол жүрісіне қатысатын көлік құралдарының конструкциясы, техникалық жай-күйі және жабдықтары жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты мынадай негізгі талаптарға жауап беруі тиіс:

1) жол қозғалысын қамтамасыз ететін тежегіш жүйелері, рульді басқару артты шолу айнасы, дыбысты сигналы, шассилер, түсті құралдар, көлік құралдарында бар болса;

2) көлік құралдарын қауіпсіз басқаруға мүмкіндік беретін шолуды және көруін қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) адам өміріне және қоршаған ортаға зиянын келтірмейтін механизмдердің, қосымша жабдық заттарының және көлік құралының тетіктерінің болуы;

4) жол көлігі оқиғасы болған жағдайда жолаушылар және басқа да қатысушылар үшін жол қозғалысының қауіпсіздігін азайтуды қамтамасыз етуі тиіс.";
мынадай мазмұндағы алтыншы тармақпен толықтырылсын:

"6. Көлік құралдарын пайдалану кезінде қоршаған ортаға шығарылған тастандылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген рұқсат етілетін деңгейден аспауы тиіс.";

20-баптың 2-тармағындағы ", стандарттардың" деген сөз алынып тасталсын;

6) 2 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а ғ ы :

бірінші абзац мынадай мазмұнда жазылсын:

"көлік құралдарының конструкциясы осы Заңның талаптарына және техникалық регламенттерге сәйкес келмесе;"

алтыншы абзацтағы "стандарттардың талаптары" деген сөздер "белгіленген талаптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 23-баптың 1-тармағында "Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген стандарттармен" деген сөздер "техникалық регламенттермен" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 2 4 - б а п т а :

1-тармағының бірінші бөлігіндегі "стандарттарды және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтік құқықтық құжаттар" деген сөздер "техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптары" сөздерімен ауыстырылсын;

3-тармағының бірінші бөлігіндегі "нормалар, ережелер, стандарттар және басқа да нормативтік құжаттар" деген сөздер "қауіпсіздікті қамтамасыз ететін техникалық регламенттерде белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармағындағы "стандарттарға, техникалық және басқа да нормативтік құжаттарға" деген сөздер "жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18 , 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; N 24, 1776, N 23 , 142-құжат; 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы N 30-31 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы) :

1) 1-баптың алтыншы абзацындағы "стандарттарды" деген сөз алынып тасталсын;

2) 5-бап мынадай мазмұнда толықтырылсын:

өрт қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттерді бекітеді; дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өрт сөндіру мекемелері құрылмаған тұрғылықты орындарда өртті сөндіру тәртібін белгілейді; өрт қауіпсіздігі саласында нормативтік құқықтық актілермен белгіленбеген талаптарды келісу тәртібін белгілейді."

3) 6 - б а п т а :

5) тармақша алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 12), 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) өрт қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттерді әзірлейді;

13) өрт қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттермен белгіленген талаптардың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.";

4) 9-1-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін техникалық регламенттерді бекітуден басқа барлық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың орындауы міндетті өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін және өрт қауіпсіздігі мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;"

5) 9-5-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды т ұ л ғ а л а р ғ а :

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы - өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган б а с ш ы с ы ;

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың орынбасарлары - өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган басшысының орынбасарлары;

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары - өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның барлық санаттағы мамандары;
б а с м е м л е к е т т і к и н с п е к т о р л а р ;

- облыстардың және қалалардың өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары - өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аймақтық органдарының басшылары;

- облыстардың және қалалардың өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары - өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аймақтық органдарының басшыларының о р ы н б а с а р л а р ы ;

- облыстардың және қалалардың өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар - өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аймақтық органдарының барлық санаттағы мамандары жатады.";

6) 10-3-баптың бірінші бөлігіндегі:

2) тармақшадағы "елу жас" деген сөздер "елу үш жас" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) тармақшада "бес" деген сөз "сегіз" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық реттеу

Өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық реттеу нормативтік құқықтық актілерді орындау үшін міндетті өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілеуі.

Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелері, өрт қауіпсіздігінің талаптары мазмұндалатын нұсқаулар, техникалық регламенттер мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жатады.

Өнімдерге және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын өрт қауіпсіздігінің талаптары техникалық регламенттерде белгіленеді.

Мемлекеттік органдар әзірлейтін және өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен міндетті түрде келісуге тиіс.

Өрт қауіпсіздігі талаптарынан сондай-ақ өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерде белгіленбеген өрт қауіпсіздігінің талаптарынан ауытқуларды келісу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

8) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы лицензиялау мен сәйкестікті растау

Өрт қауіпсіздігі саласындағы лицензиялау мен сәйкестікті растау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады";

9) мынадай мазмұндағы 4-1 тарауымен толықтырылсын:

"4-1-тарау. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары

23-1-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеу объектілері

Өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеу объектілері өнім және оның өмірлік циклінің процестері болып табылады.

23-2-бап. Жобалау, құрылыс салу, қайта салу және өндіру кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары

Өрт қауіпсіздігі саласында техникалық реттеу объектілерін жобалау, салу жөндеу және өндіру кезінде:

- 1) объектілерді орналастыру;
- 2) объектілерді қолдану;
- 3) объектілерді өрт-техникалық жіктеу;
- 4) объектілерді өрт депосы ғимараты мен имаратымен қамтамасыз ету;
- 5) адамдар қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) өрттің таралуын болдырмау;
- 7) өртті өшіру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

8) өртті өшіру кезінде құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі талаптар сақталуы керек.

23-3-бап. Пайдалану, сақтау тасымалдау, қолдану және сату кезінде қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

Өрт қауіпсіздігі саласында техникалық реттеу объектілерін пайдалану, сақтау, тасымалдау, қолдану және сату кезінде:

1) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру және техникалық іс - шаралар ;

2) адамдарды көшіру жолдары ;

3) өрт туындаған жағдайда адамдар қауіпсіздігі мен іс-әрекет тәртібін қамтамасыз ету ;

4) инженерлік жүйелерді жабдықтау және жұмыс жағдайына келтіру;

5) өрт автоматикасы жүйесін жабдықтау және оның жұмыс істеу жағдайы, оған қызмет көрсету және қызмет көрсететін қызметкерлердің ұдайы болатын орындарына шығару ;

6) өрт техникасының жабдықталуы және жұмыс жағдайына келтіру;

7) өрттің таралуының алдын алу;

8) өртті өшіру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

9) аумақтар, ғимараттар мен құрылыстар, объектілер үй-жайларының ұсталуы;

10) өртті өшіру кезінде құтқару жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі талаптар сақталуы керек . "

8. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 3386; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат; N 23, 137, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2005 ж., N 14, 57-құжат; 2006 жылғы 15 ақпандағы " Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"қоршаған ортаны қорғау саласында техникалық регламенттерді бекітеді.";

2) 8-бап мынадай мазмұндағы 19)-тармақшамен толықтырылсын:

"19) қоршаған ортаны қорғау саласында техникалық регламенттерді әзірлейді.";

3) 10-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің төртінші абзацтағы "әкімшілік жауапкершілік көзделген" деген сөздерден кейін "қоршаған ортаны қорғау саласында техникалық регламенттер негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 25-баптың 2-тармағында "стандарттау" деген сөз "техникалық реттеу саласындағы заңнама" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 9-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу

43-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу объектілері

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу объектілеріне Қазақстан Республикасында өндірілетін немесе оның аумағына, әкелінетін, экологиялық қауіпсіздікке, халықтың өмірі мен денсаулығына, табиғи ресурстардың өндірілуі мен ұтымды пайдаланылуына, сондай-ақ өнімнің өмірлік циклі процестеріне қауіп төндіруі мүмкін өнім жатады.

44-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өнім мен оның өмірлік циклі процестеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілейтін техникалық регламенттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірленіп, бекітіледі және т і р к е л е д і .

Қоршаған ортаны қорғау саласында техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін өнімнің рынокқа орналастырылған айналымына, сондай-ақ осы талаптарды бұза отырып, өнімнің жобаланылуына, өндірілуіне, пайдаланылуына, сақталуына, тасымалдануына өткізілуіне, кәдеге жаратылуына және жойылуына тиым салынады.

45-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласында сәйкестікті растау

Қоршаған ортаны қорғау саласында техникалық регламенттерге сәйкестікті анықтау үшін техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті және ерікті сертификаттау жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндетті сәйкестікті растауға жататын өнімді сәйкестікті растау саласындағы тиісті құжатынсыз өткізуге тыйым салынады.";

6) 48-баптың бірінші бөлігіндегі "қоршаған орта сапасының нормативтері ескерілуге" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы қауіпсіздіктің міндетті талаптары мен нормативтері сақталынуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 60-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"60-3-бап. Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қойылатын талаптар

1. Процесінде қауіпті қалдықтар пайда болатын шаруашылық жұмысымен айналысатын жеке және заңды тұлғалар:

1) осы қалдықтардың қауіпсіздіктің нақты бір сыныбына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен белгіленген тәртіппен жатқызылуын растауға;

2) қалдықтардың түрлеріне байланысты қалдықтарды қайтадан пайдалану, қалдықтарды қайта айналдыру немесе кәдеге жарату жөнінде іс-шаралар әзірлеп, жү з е г е а с ы р у ғ а ;

3) қалдықтарды жинап, қайта өңдеумен қамтамасыз ететін, қоршаған ортаның ластануының алдын алатын жүйелерді құруға және енгізуге;

4) қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін есепке ала отырып өндірістік қалдықтардағы зиянды металдар мен басқа заттардың болуы жөніндегі белгіленген нормалардың орындалуын қамтамасыз етуге;

5) қалдықтардың жиналуына және өңделуіне жауапты қызметкердің денсаулығымен және қауіпсіздігімен байланысты мәселелерді қайта айналдырудың және жоюдың биік деңгейіне қол жеткізу қажеттілігіне байланысты жасалып жатқан жерінде қалдықтарға сұрыптау жасауға міндетті.

2. Жеке және заңды тұлғалардың өз процесінде қауіпті қалдықтар пайда болатын қызметтері:

1) қалдықтармен жұмыс істеудің адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген кезде шектелуі;

2) адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соқтыратын қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бірнеше рет (екі реттен көп) бұзған жағдайда тыйым салынуы мүмкін.

3. Қалдықтарды уақытша сақтау мерзімі олардың түріне байланысты қалдықтардың адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға тигізетін зиян қаупін ең төмен деңгейге түсіретіндей етіп белгіленуі тиіс.

4. Қалдықтарды тасымалдау шарттары мен құралдары олардың түрлеріне байланысты адам денсаулығы мен өмірі, қоршаған орта үшін олардың сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

5. Қалдықтардың түрлеріне байланысты оларды тасымалдауға және сақтауға арналған құралдар қалдықтардың шығу ықтималдығын болдырмайтындай қымталған болуы және техникалық регламенттермен белгіленген алдын ала сақтандырушы таңбалық деректері мен белгілері болуы тиіс.

6. Қалдықтардың көмілген жерлері және көму әдістері қалдықтардың қоршаған ортаға (жер үсті және жер асты суына, топыраққа, ауаға) сіңу ықтималдығын болдырмауы тиіс.

7. Қалдықтарды кәдеге жарату қоршаған ортаға тиетін зиян қаупін төмендететін, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін әдістермен жүзеге асырылуы тиіс.

8. Қалдықтарды сақтау, тасымалдау, көму және кәдеге жарату жөнінде жұмысқа қатысатын қызметкер қалдықтардың сипаты, ықтимал зиян тию қаупі және өндірістік қалдықтар туралы жеке бас қауіпсіздігін және кәсіпорынның басқа да қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралары туралы хабардар болуы тиіс.

9. Табиғатты пайдаланушылар өндірістік қалдықтармен байланысты мәселелерді шешуі және қалдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, оларды сақтау, тасымалдау, көму және кәдеге жарату талаптары мен нормаларын сақтауы тиіс."

9. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 1998 ж., N 2-3, 25-құжат; 2001 ж., N 20, 258-құжат; 2002 ж., N 5, 50-құжат; 2004 ж., N 5, 29-құжат; N 13, 74-құжат; 2005 ж., N 81, 1, 14, 16, 17, 21, 28, 30, 47-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская

правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 2-баптың 4-тармағының 3)-тармақшасындағы "нормалар мен" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 3-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1)-тармақшамен толықтырылсын:
"1-1) техникалық регламент - техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мақсаттарда әзірленетін және қолданылатын өнімге және/немесе олардың өмірлік циклінің процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық акт."

10. "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 1998 ж., N 5-6, 48-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат):

1) 1-баптың тоғызыншы абзацындағы "белгіленген нормалардан тыс сәуле алуына немесе қоршаған ортаның радиоактивті ластануына" деген сөздер "немесе қоршаған ортаның радиоактивті ластануына белгіленген нормалардан тыс сәуле алуына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:
"1-2. Қазақстан Республикасының Үкіметі радиациялық қауіпсіздік саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді.";

3) 6-баптың бірінші бөлігіндегі:
2-тармақшасындағы "және бекіту" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 8)-тармақшамен толықтырылсын:

"8) радиациялық қауіпсіздік саласында техникалық регламенттерді әзірлеу";

4) 7-баптың 2, 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
"2. Радиациялық қауіпсіздік саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, техникалық регламенттерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді .

3. Радиациялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі өкімдік, нұсқаулық, әдістемелік және өзге де құжаттарды радиациялық қауіпсіздік саласында қолданыстағы техникалық регламенттер негізінде өз өкілеттіктері шегінде өкілетті мемлекеттік органдар мен пайдаланушы ұйымдар бекітеді және қабылдайды.";

5) 8-баптың 3-тармағы "тиісті ұйымда" деген сөздерден кейін "радиациялық қауіпсіздік талаптарын," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 9-баптың 1-тармағы "радиациялық қауіпсіздік саласында белгіленген" деген сөздерден кейін "радиациялық қауіпсіздік талаптарын," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Медициналық процедуралар жүргізілген кезде азаматтардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Радиоизотоптарды немесе ионды сәулеленетін басқа көздерді пайдаланып медициналық процедуралар жүргізілген кезде азаматтарды (пациенттерді) қорғаудың сәйкес құралдары пайдаланылады; радиациялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген пациенттердің сәуле алу мөлшерінен аспауы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

2. Медициналық процедуралар жүргізілген кезде пациентке ол алады деп күтіліп отырған және/немесе ол алған сәуле мөлшері туралы және оның әсерінің ықтимал зардаптары туралы ақпарат беріледі.

3. Азаматтың (пациенттің), эпидемиологиялық жағынан қауіпті ауруларды анықтау мақсатында жүргізілетін алдын ала зерттеулерді қоспағанда, медициналық рентген диагностикасынан бас тартуға құқығы бар.

4. Ионды сәулелендіру көздерін пайдаланып процедуралар жүргізген медициналық ұйым, егер бұндай келтірілген байланыс белгіленген тәртіпте дәлелденсе, пациент денсаулығына немесе өміріне мүмкін теріс әсер етуіне жауапты болады.

5. Радиоизотоптарды немесе басқа ионды сәулелендіру көздерін пайдаланып жүргізілетін барлық медициналық процедуралар үшін медициналық ұйым бұндай процедураларды жүргізген кезде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында сапаны қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеп оны атом энергиясын пайдалану жөніндегі уәкілетті органда бекітеді.

6. Ионды сәулелену көздерін пайдаланатын медициналық іс-әрекетке қойылатын біліктілік талаптарында жұмысқа жіберілген мамандар біліктілігіне, оларды аттестаттау және қайта аттестаттауға талаптар, даярлау және қайта даярлау бағдарламасы белгіленеді. " ;

3) 21-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

11. "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279-1 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламент Жаршылары, 1998 ж., N 17-18, 221-құжат, 2000 ж., N 6, 141-құжат, 2002 ж., N 10, 106-құжат, 2005 ж., N 23, 142 құжат; 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2006 жылғы 2 марттағы Қазақстан Республикасының Заңы)

1) 6-бап, 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген есірткі және психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы талаптар, сондай-ақ лицензиялау

шарттары бұзылған жағдайда заңды тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелердің өндірістік қызметін тоқтата тұруға;" ;

2) 11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұтыну бумаларын таңбалау медициналық мақсаттарға пайдаланылатын есірткі және психотроптық заттардың әрбір сериясы үшін бірыңғай болуы тиіс және дәрілік заттар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс." ;

3) 12-баптың 2-тармағында "сертификат" деген сөз "белгіленген тәртіпте берілетін лицензия мен сәйкестікті растау саласындағы тиісті құжатты" деген сөздермен ауыстырылсын .

12. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы парламентінің Жаршысына, 1998 ж., N 24, 448-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) :

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толтырылсын:

"16) криминалистік талаптар - азаматтық және қызметтік қару және оның оқтарына, оларды сәйкестендіру және заңсыз қолдан жасау мүмкіндігін жою мақсатында қойылатын арнайы техникалық талаптар." ;

2) 5-баптың 1)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өзін-өзі қорғау қаруы: тегіс те ұзын ұңғылы, оның ішінде, жарақат салып әсер ететін патрондары бар атыс қаруы;

жарақат салатын, газбен және сәулелі дыбыспен әсер ететін патрондары бар ұңғысыз атыс қаруы ;

газды қару - азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті орган қолдануға рұқсат еткен көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен оқталған газды, соның ішінде патрондарымен қоса пистолеттер мен револьверлер, механикалық тозаңдатқыштар, аэрозолды және басқа да құрылғылар;" ;

3) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8), 9)-тармақшалармен толықтырылсын :

"8) криминалистік талаптарға сәйкеспейтін техникалық сипаттамаларға ие азаматтық және қызметтік қару және оның оқтары;

9) азаматтық және қызметтік қару мен оның оқтарының айналымы саласында техникалық регламенттермен белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкеспейтін қару және оның оқтары .

4) мынадай мазмұндағы 1-1-тараумен толықтырылсын:

"1-1-тарау. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласында қауіпсіздіктің жалпы талаптары

7-1-бап. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық реттеу объектілері

Техникалық реттеу объектілеріне азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, сондай-ақ оны шығару, жинау, қайта жасау, өткізу (сауда), сатып алу, коллекция жасау, экспонаттау, сақтау алып жүру, тасымалдау, пайдалану, жою жатады.

7-2-бап. Азаматтық және қызметтік қаруға қойылатын қауіпсіздік талаптары

1. Азаматтық және қызметтік қару тікелей оқтау, ату, қайта оқтау, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету кезінде қарудың осы түрі (типі) үшін белгіленген қауіпсіздіктің арнайы талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2. Жарақат салатын, сәулелі дыбыспен және газбен әсер ететін сәйкесті патрондары бар тегіс те ұзын ұңғылы, ұңғысыз қару, газды тапаншалар мен алтыатарлар денсаулық сақтау саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген талаптарға сәйкес келуі керек.

3. Көзден жас ағызатын, тітіркендіргіш заттармен сондай-ақ басқа да заттармен жарақталған механикалық, аэрозолды тозаңдатқыштар және басқа да құрылғылар денсаулық сақтау саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

7-3-бап. Патрондарға қойылатын қауіпсіздік талаптары

Азаматтық және қызметтік қаруға арналған патрондар өзінің өлшемі, нысаны, конструкциясы, салмағы, таңбаланған белгісі, жұмыс істеу қауіпсіздігі, сондай-ақ оқ-дәрі газдарының және кинетикалық энергияның қысым көрсеткіштері бойынша патрондардың берілген түрі (типі) үшін белгіленген арнайы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

7-4-бап. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы қауіпсіздік талаптары

1. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндірген, жинаған және қайта жасаған кезде жобалық құжаттамамен белгіленген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың барлық кешенінің сақталуы және оларға байланысты қауіпсіздік сақталатын барлық технологиялық операциялардың орындалуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету талап етіледі.

Егер азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын дайындау, жинау, қайта жасау процесінде немесе одан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынақтар жүргізу талап етілетін болса, онда олар жобалық құжаттаманың барлық талаптары орындалып толық көлемде жүргізілуі керек.

2. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген қауіпсіздік талаптарын бұзып сатуға (өткізуге), сатып алуға, коллекциялауға, экспонаттауға, сақтауға, алып жүруге, тасымалдауға, пайдалануға, жоюға тиым салынады.";

5) 8-баптың екінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кадастрды қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган әзірлейді , б е к і т е д і және шығарады." ;

б) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының сәйкестігін растау

Сәйкестігі міндетті түрде расталуға Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасынан әкетілетін азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының ү л г і л е р і ж а т а д ы .

Азаматтық және қызметтік қару мен оның оқтарының сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Сәйкестікті растау саласындағы құжат Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымы үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынаудың техникалық талаптары мен әдістері азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленеді." ;

7) 17-бап мынадай мазмұндағы 4)-тармақшамен толықтырылсын:

"4) қару мен оның патрондарын пайдаланған кезде қауіпсіздік талаптарын сақтауға м і н д е т т і . " ;

8) 19-бап мынадай мазмұндағы 6)-тармақшамен толықтырылсын:

"6) азаматтық және қызметтік қарудың техникалық регламенттерге, сондай-ақ криминалистік талаптарға сәйкессіздігі." ;

9) 20-баптың бірінші бөлігінің 1)-тармақшасының төртінші абзацындағы "өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген" деген сөздерден кейін "қауіпсіздік талаптарын" деген сөздерімен толықтырылсын;

10) 22-баптың 3-тармағындағы "стандартқа" деген сөз "техникалық регламент талаптарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 27-баптың 4-тармағындағы "жағдайларына қойылатын талаптарды" деген сөздер "тәртібін" деген сөзбен алмастырылсын;

1 2) 2 8 - б а п т а :

4) тармақшадағы "және оны бекітеді" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 9), 10)-тармақшалармен толықтырылсын:

"9) қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерді б е к і т е д і ;

10) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынаудың криминалистік талаптары мен әдістерін бекітеді." ;

1 3) 2 9 - б а п т а :

б)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) азаматтық және қызметтік қару мен оған патрондарының мемлекеттік кадастрын
ә з і р л е п б е к і т е д і ; "

мынадай мазмұндағы 7), 8)-тармақшалармен толықтырылсын:

"7) қару мен оған патрондар айналымы саласында техникалық регламенттерді
ә з і р л е й д і ;

8) азаматтық және қызметтік қару мен оған патрондарға криминалистік талаптар
мен сынау әдістерін әзірлейді."

13. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы N 53-II Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2000 ж., N 7, 165-құжат; 2004 ж., 11-12, 62-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) Заңның барлық мәтініндегі "стандарттау, метрология және сертификаттау" деген сөздер "техникалық реттеу және метрология жөніндегі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 1-бап, 1-тармағы, 2) тармақшасында "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздер "аккредиттеу жөніндегі органның" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

3) 5 - б а п т а :

2-тармақтың 13) тармақшасында "аккредиттеуді және лицензиялауды" деген сөздер "лицензиялауды және аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

3-тармағы мынадай мазмұнда толықтырылсын.

"3. Аккредиттеу жөніндегі органды техникалық реттеу саласындағы заңнама актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

4) 8-бапта "стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы" деген сөздер "Техникалық реттеу және метрология саласындағы Қазақстан Республикасы" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

14. "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2001 ж., N 2, 48-құжат; N 15-16, 232-құжат; 2003 ж., N 19-20, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат, 2006 ж., N 1, 5 - қ ұ ж а т) :

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұнда 7-3) тармақшасымен толықтырылсын:

7-3) астықтың өмірлік циклі - астықты өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу кәдеге жарату және жою процестері;";

1 1) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"мемлекеттік стандарттардың, техникалық жағдайлардың" деген сөздер "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мен өзге де нормативтік құжаттардың" деген сөздер алынып тасталсын;

2 2) - т а р м а қ ш а д а :

"сертификаты" деген сөз "паспорты" деген сөзбен ауыстырылсын;

"стандарт" деген сөз "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) тармақшасында "сертификатын" деген сөз "паспортын" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3 - б а п т а :

1)-тармақшасында "қамтамасыз ету" деген сөз "техникалық реттеу саласында қауіпсіздікті (бұдан әрі - қауіпсіздік)" деген сөздермен толықтырылсын.

Мынадай мазмұнда 9-тармақшамен толықтырылсын:

"9) астықтың қауіпсіздігіне және сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу;"

3) 4-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық реттеу;"

4) 5-бап мынадай мазмұндағы 9), 10)-тармақшалармен толықтырылсын:

"9) астыққа және оның өмірлік циклінің процестеріне техникалық регламентті белгілейді;"

5) 6 - б а п т а :

10)-тармақшадағы "сертификат" деген сөз "паспорт" деген сөзбен ауыстырылсын;

11)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) астыққа және оның өмірлік циклінің процестеріне техникалық регламенттерді өз ірлеу;"

6) 7 - б а п т а :

бап атауындағы "сапасын" деген сөздің алдына "қауіпсіздік пен" деген сөздер жазылып толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағындағы астық және оның өмірлік циклінің процестері осы Заңның талаптарына, техникалық регламенттерге, санитарлық және фитосанитарлық ережелер мен нормаларға және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес келуі тиіс.";

2-тармақта "сапасын" деген сөздің алдына "қауіпсіздік пен" деген сөздер жазылып толықтырылсын;

7) 8 - б а п т а :

1-тармақта "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасымен" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақта "сертификатынсыз" деген сөз "паспортынсыз" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8) 9 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Көліктің кез келген түрімен тасымалдануға жататын астық топтамасы көліктің сол түрімен жүк тасу ережелеріне сәйкес олардың стандарттау жөніндегі техникалық регламенттердің және қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттармен бірге үлестіріледі.";

10) Мынадай мазмұнда 2-1-тараумен толықтырылсын:

"2-1 тарау. Астыққа және оның өмірлік цикліне қойылатын қауіпсіздіктің жалпы қауіпсіздік

9-1-бап. Техникалық реттеу объектілері

Техникалық реттеу объектілері астық және оның өмірлік циклінің процестері болып табылады.

9-2-бап. Сәйкестікті растау

Астықтың техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9-3-бап. Астықтың қауіпсіздігі мен сапасы туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

Астықтың қауіпсіздігі мен сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу мақсатында астық рыногына қатысушылар сатып алушыларға және/немесе тұтынушыларға астықтың қауіпсіздігі мен сапасының көрсеткіштері туралы толық және дұрыс ақпарат беруге міндетті.

9-4-бап. Астыққа қойылатын қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Пайдалану мақсатына байланысты астық қауіпсіздікпен қамтамасыз ететін талаптар жиынтығына сәйкес келуі тиіс.

2. Астық құрамында әлуетті қауіпті химиялық қосылыстар мен биологиялық объектілердің, пестицидтердің және агрохимикаттардың, фумиганттардың, зиянды заттар мен қоспалардың қалдық мөлшерінің, сондай-ақ ылғалдың болуы техникалық регламенттермен белгіленген ең жоғары рұқсат етілетін деңгейден артпауы тиіс.

9-5-бап. Астықты өндіру кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

Жер телімдерін пайдаланушылар мен жер иелері ауыл шаруашылығына арналған жердің құнарлығын өндіруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ осындай әрекеттің қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуін жоятын немесе шектейтін тәсілдермен астық өндірісін жүзеге асыруға міндетті.

9-6-бап. Астықты сақтау және өңдеу кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Астық астық айналымы саласындағы техникалық реттеу саласында қауіпсіздік талаптарына жауап беретін экологиялық, құрылыстық, өрт, санитарлық-эпидемиологиялық және фитосанитарлық талаптарға жауап беретін астық қоймаларында сақталады.

2. Астықты сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары қауіп түрлері бойынша техникалық регламенттерде белгіленеді.

9-7-бап. Астықты тасымалдау кезіндегі жалпы қауіпсіздік талаптары

1. Астықты тасу оның қауіпсіздігі мен сапалық көрсеткіштерінің сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Астық құрғақ, таза, бөгде иіссіз, нан қорлары зиянкестерімен залалданбаған көлік құралдарымен тасымалданады.

9-8-бап. Астықты кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша қажетіне қарай пайдалану үшін жарамсыз деп танылған астық техникалық регламенттерде белгіленген тәртіппен оны бұдан әрі пайдалануға немесе жоюға сараптама жасауға жатқызылады.

2. Астық сараптама жүргізу және оны пайдалану мүмкіндігі немесе жою туралы шешім қабылдауға қажетті уақыт аралығында топтама көлемі көрсетіліп және астыққа рұқсатты жоятын шарттарды сақтай отырып жеке үй-жайларда сақталуға тиіс.

3. Қажетіне қарай пайдалануға жарамсыз астықты тасымалдаумен, сақтаумен, сараптаумен, пайдаланумен және жоюмен байланысты шығындарды оның иесі өтейді."

10) 10-баптың 14) тармақшасындағы "астық өндірушілерге сертификаттық" сөзі "техникалық реттеу саласында сәйкестікті растау бойынша қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 24-1-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "бақылау" сөзі "қауіпсіздігі мен" сөздерімен толықтырылсын;

12) 26-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: "2) астықты сақтау кезінде техникалық регламенттермен белгіленген фитосанитариялық ережелер мен нормаларды, қауіпсіздік талаптарын бұзғаны";

15. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2001 ж., N 17-13, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат, 2006 ж., N 1, 5-құжат; 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 11)-тармақшамен толықтырылсын:

"11) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптарды белгілеу болып табылады.";

2) 19-бап мынадай мазмұндағы 18)-тармақшамен толықтырылсын:

"18) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында техникалық регламенттерді бекітеді.";

3) 20-бап мынадай мазмұндағы 18)-тармақшамен толықтырылсын:

"18) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында техникалық регламенттерді әзірлеу.";

4) мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:

"4-1-тарауы. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қауіпсіздіктің жалпы талаптары

27-1-бап. Техникалық реттеу объектілері

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы техникалық реттеу объектілері ғимараттар мен құрылыстар (бұдан әрі - құрылыстар) және құрылыс материалдары болып табылады.

27-2-бап. Құрылыстарға қойылатын қауіпсіздік талаптары

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін жобалау адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

2. Құрылыстарды жобалау кезінде адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға төнетін барлық ықтимал қауіптер өмірлік циклдің барлық сатыларында, соның ішінде қалыпты пайдалану, төтенше оқиғалар, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде болжалданған бұзу және рұқсат етілмейтін құрылыс кезінде сәйкестендірілуі және ескерілуі тиіс.

3. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жасау кезінде құрылыс салушы жобалық құжаттамамен анықталған, қауіпсіздікпен қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың толық жиынтығын орындауға және олардың құрылыстар құрылысының әр түрлі сатыларында орындалуын бақылау мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті.

4. Салынып жатқан құрылыстар өзге объектілерден қажетті қашықтықта белгіленген нормаларға сәйкес қашықтатылуы тиіс.

5. Тапсырыс берушілер құрылыстарды салуға, қайта жасауға және жөндеуге келісім-шарт жасау кезінде онда техникалық реттеу саласында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін техникалық регламенттердің және басқа нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын көрсетуі тиіс.

6. Қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылатын құрылыс объектілерінде тапсырыс беруші мен мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстарын жасау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян тигізу ықтималдығын жоюға міндетті.

7. Құрылыстарды жобалау және салу кезінде мынадай:

1) құрылыстың түгел немесе оның бөліктерінің құлап түсуі;

2) рұқсат етілмейтін көлемінің пішінсізденуі;

3) аспалы элементтердің едәуір пішінсізденуі салдарынан құрылыстың басқа бөліктерінің немесе оларға орнатылған қондырғылар мен жабдықтардың бұзылу жағдайлары;

4) ең бірінші себепке сәйкес емес кездейсоқ жағдайлардан болған залал тарту құбылыстарына әкелуі мүмкін жүктемелер ескерілуі қажет.

8. Құрылыстар өрт болған жағдайда:

1) аспалы элементтердің мықтылығын белгілі бір мерзім ішінде қамтамасыз ететіндей;

2) құрылыс ішінде өрт пен түтіннің пайда болуын және таралуын шектейтіндей;

3) адамдардың апаттық шығу жолдары арқылы тездетіп шығарылуын қамтамасыз ететіндей;

4) құтқарушы топтардың жану ошақтарына қауіпсіз кіре алатындай етіліп жобаланып салынуы тиіс.

9. Құрылыстар:

1) уытты газдардың және өзге зиянды химиялық заттардың бөлінуі;

2) ауада қауіпті бөлшектердің немесе газдардың болуы;

3) қауіпті радиациямен сәулелену;

4) судың немесе топырақ қабатының ластануы немесе залалдануы;

5) судың, түтіннің немесе қатты немесе сұйық қалдықтардың бөлінуі арқылы бұзылуы;

6) құрылыс бөліктерінде немесе құрылыстың ішкі беттерінде ылғалдың болуы салдарынан адам гигиенасы мен денсаулығына қауіп төндірмейтіндей етіліп жобаланып, салынуы тиіс.

10. Құрылыстар оларды пайдалану мынадай сырғу, құлау, соғылу, күйу, электр тогымен зақымдану, жарылыс салдарынан жарақаттану сияқты қайғылы жағдайлардың ретсіз қаупі болмайтындай етіліп жобаланып салынуы тиіс.

11. Құрылыстың шуылды оқшаулауы адам өмірі мен денсаулығына рұқсат етілмейтін қауіпті болдырмау есебімен жобаланып, салынуы тиіс.

12. Құрылыстар, сондай-ақ оның жылыту, суыту және желдету қондырғылары құрылысты пайдалану үшін қажетті энергияны қолдану жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып орынды болатындай, бірақ адам денсаулығына зиян келтірілмейтіндей етіліп жобаланып, салынуы тиіс.

27-3-бап. Құрылыс материалдарының қауіпсіздік талаптары

Құрылыс материалдары қауіпсіздіктің міндетті талаптарының жиынтығын, соның ішінде экономикалық аспектілер есебімен пайдалануға жарамды құрылыстар салуға мүмкіндік беретін радиациялық және химиялық қауіпсіздік нормаларын белгілейтін

нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес келуі тиіс және оларды пайдалану осы Заңның 27-2-бабында белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.";

5) 28-баптың 2-тармағының 3)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды";

6) 58-баптың 1-тармағында мемлекеттік нормативтермен" деген сөздер "техникалық регламенттермен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 64-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "Жобалар сараптамасын" деген сөзден кейін "техникалық регламенттермен сәйкестігіне" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 70-баптың 2-тармағындағы: бірінші абзацтағы "(объектілерінің)" деген сөзден кейін "қауіпсіздігі және" деген сөздермен толықтырылсын;

1)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) техникалық регламенттермен және құрылыс өнімдеріне арналған стандарттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттармен белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтау";

9) 71-бапта:

бап атауындағы "Объектілердің" деген сөзден кейін "қауіпсіздік және" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзацтағы "объектілерді пайдалану кезінде" деген сөздерден кейін "қауіпсіздік пен" деген сөздермен толықтырылсын.

16. "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2001 жыл, N 17-18, 246-құжат; 2005 жыл, N 23, 142-құжат, 2006 ж., N 1, 5-құжат):

1) 3-баптың 5-тармағындағы "нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мемлекеттік стандарттармен," деген сөздер "автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерге" сөздерімен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 2-тармағындағы "стандарттарға және" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 10-баптың 2-тармағындағы "нормалармен және стандарттармен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11-бап мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"6-1) автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерді бекіту";

5) 12 баптың 2 тармағы келесі мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

"23) автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу";

6) 15-баптағы:

1 тармақтағы "белгіленген нормалар мен стандарттарды сақтау, сертификатталған... пайдалану" деген сөздері "пайдалануға рұқсат етілген... қолдану арқылы белгіленген талаптар мен нормаларға сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "және мемлекеттік нормативтерді" сөздері алынып тасталсын;

7) 3-1 тарау мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"3-1 тарау. Жалпы қауіпсіздік талаптары

19-1 бап. Техникалық реттеу объектілері

Техникалық реттеу объектілеріне автомобиль жолдары, жол-құрылыс материалдары, жобалау, салу (реконструкциялау, жөндеу) және пайдалану процестері жатады.

19-2 бап. Автомобиль жолдарын жобалау кезінде қойылатын қауіпсіздік талаптары

1. Автомобиль жолдарын жобалау жылдамдықты шектеу және өзгерту жағдайынан, қозғалыстың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз ету, болашақтағы кезең шегіндегі жолдарды қайта жөндеу мүмкіндігінен өндіру қажет.

2. Автомобиль жолдарының жобалық шешімдері:

1) есептелген жылдамдықпен көлік құралдарының ұйымдасқан, қауіпсіз қозғалысын;

2) жүргізушілердің көзбен шолу шарттарын қадағалауын;

3) жанасулар мен қиылысулардың қауіпсіз орналасуын;

4) жүру жолының беткі қабатына автомобиль шиналарының қажетті жабысуын;

5) автомобиль жолдарын қажетті, соның ішінде қорғағыш жол құрылыстарымен жаратандырылуын;

6) жол және автокөлік қызметтеріне қажетті ғимараттармен және құрылыстармен қамтамасыз етуі тиіс.

3. Өндірістік базаларды, ғимараттар мен жол және автокөлік қызметтерінің құрылыстарын жобалау кезінде атмосфералық ауадағы, су объектілеріндегі және топырақтағы ластаушы заттардың шекті мүмкіндік концентрациясын қадағалауды қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленуі және жүзеге асырылуы тиіс.

4. Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуде жол және жол қозғалысының:

1) адамдарға, фаунаға және флораға;

2) топырақ жағдайына, суға, әуе ортасына;

3) табиғатқа, жолдағы объектілерге және мәдени мұраға тікелей және жанама әсерін бағалау қажет.

Екпе ағаштар (жол бойындағы) қандай да бір қауіп-қатердің туындауы жойылған жағдайда көз шамасымен бағдарлауды жақсартуға және жолдың көзбен көру біркелкілігін бұзуға мүмкіндік туғызуы тиіс.

5. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жолдарды жобалау кезінде орынды белгілеу және оларды орналастыру әдістерінің сызбасын әзірлеу қажет.

6. Автомобиль жолдарын жобалаудағы қауіпсіздік талаптары техникалық регламенттерде белгіленеді.

19-3 бап. Автомобиль жолдарын салудағы (қайта құру, жөндеу) қауіпсіздік талаптары

1. Автомобиль жолдарын салуда (қайта салудағы, жөндеудегі) осы заңның және техникалық регламенттердің жобалық-сметалық құжаттамалар талаптарына сәйкестігі қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с .

2. Құрылыс салуда (жөндеуде және қайта салуда) қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар қолдану қажет. Жұмысты өндіру әдістерін және механизация құралдарын таңдауда сәйкесті санитарлық нормаларды, атмосфераға ластайтын заттардың шекті-рұқсат етілетін тастандыларының нормаларын қадағалау қажеттігін е с к е р у қ а ж е т .

Жолдарды салу кезінде жасыл екпелерді сақтау немесе оларды қайта қалпына келтіру қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с .

3. Жол жұмысшыларының және жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігі қозғалысты ұйымдастыруға және жұмысты жоспарлау барысында қарастырылуы және оларды жасауда үнемі тексерілуі тиісті жұмыстар жүргізілетін орынды қоршауға шаралар қолдану жолымен қ а м т а м а с ы з е т і л у і к е р е к .

4. Күрделі инженерлік-геологиялық жағдайларда жол салуда (жөндеуде және қайта құруда) жер қыртысы жолын тұрақтандыру мерзімі құрылыстың белгіленген мерзімінен асып кеткен жағдайда суды бұруды және әр сатыдағы қозғалыс қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т е отырып жол төсемін сатылап салу құрылысын қарастыруға рұқсат е т і л е д і .

5. Автомобиль жолдарын салудағы (қайта салудағы, жөндеудегі) қауіпсіздік талаптары техникалық регламенттермен белгіленеді.

19-4-бап. Автомобиль жолдарын пайдалануда қойылатын қауіпсіздік талаптары

1. Жол жағдайлары жол қозғалысы қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у і , қ о р ш а ғ а н о р т а және көліктік-пайдалану деңгейіне сәйкес келуі т и і с .

Осындай жолдар үшін жол жиегіндегі белдеулер ені белгіленген нормадан аспауы т и і с .

Ақпараттық көрсеткіштер мен белгілер қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі және қозғалыс қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

Жолдар составы аймақтың климаттық ерекшеліктері және толық көліктік-пайдалану есебімен пайдалану кезіндегі олардың қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

2. Автомобиль жолдарының жүргіншілер бөлігі және қалалар көшелері, елді мекендер, жаяу жүргіншілер тротуарлары және велосипед жолдарының жабындылары, қонатын алаңдар, аялдамалар, бөлуші сызықтардың беткі қабаты оларды орналастыруға қатысы жоқ бөгде заттарсыз таза болуы т и і с .

Жол жабындылары есептік жылдамдықты және қозғалыс қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з үшін қажетті беткі қабаты кедір-бұдыр болуы керек.

Жүретін бөлігінің жабындысында көлік құралдары қозғалысын қиындататын

шұңқырлар және басқа да кемшіліктер болмауы тиіс.

Қыс мезгілінде жол қозғалысы қауіпсіздігін және сәйкес шараларды қабылдау жолымен оны ұйымдастыруды максималды қамтамасыз ету керек.

3. Жол-көлік оқиғаларының және жол жұмыстарын жүргізу орындарындағы көлік құралдарының тоқтап қалуының алдын алу үшін қоршау қондырғыларымен, белгілермен алдын алу қажет, сонымен қатар күндізгі және түнгі уақыттардағы жұмыстарды жүргізетін орындардың көрініп тұруын қамтамасыз ету керек.

Жол қимылын ұйымдастырудағы қолданылатын техникалық құралдар (қоршаулар, белгілер, бағыттаушы қондырғылар, жарықтандыру жүйелері, бағдаршамдар, қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйелері) тәуліктің кез-келген уақытында жақсы көрініп тұруы және олардың мағынасы қозғалысқа қатысушыларға түсінікті болуы қажет. Бұл қондырғылар халықаралық қатынастарға сәйкес болуы қажет, ал олардың жолда болуы жүйелі тексеріліп тұруы қажет.

4. Жол қозғалысы, жолда қызмет көрсету және оны қамтамасыз ету нәтижесінде болған шу, діріл деңгейін, ауа мен судың ластануын автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген талаптар негізінде сәйкесті шаралармен шектеу керек.

19-5-бап. Жол-құрылыс материалдарына қойылатын қауіпсіздік талаптары

Жол-құрылыс материалдары қоршаған орта әсеріне төзімді болуы, сондай-ақ олардың құрамындағы зиянды компоненттер мен қоспалар белгіленген нормадан аспауы тиіс.

17. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 40) тармақшамен толықтырылсын:

"40) пайдалану құжаттамасы - теміржол көлігі мен жабдығын пайдалану тәртібін белгілейтін құжаттама.";

2) 2-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай мазмұнда жазылсын:

"3) адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін темір жол көлігі және оның өмірлік циклінің процесі қауіпсіздігін қамтамасыз ету.";

3) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Сәйкестікті растау

1. Темір жол көлігінің қызметіне жататын өнімдердің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шет мемлекет берген сәйкестікті растау саласындағы құжат, егер басқа да халықаралық шарттармен қарастырылмаса, техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде танылған жағдайда, Қазақстан Республикасында жарамды деп есептеледі.";

4) 1 4 - б а п т а :

1-тармақтағы 9) тармақша алынып тасталсын;

17), 18) тармақшалармен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"17) темір жол көлігіндегі техникалық реттеу объектілеріне және оның өмірлік циклінің процесіне техникалық регламенттерді бекіту;

18) темір жол көлігіндегі қауіпсіздік ережелерін бекіту;

5) 16-баптың 2-тармағындағы "сәйкес емес" деген сөздерден кейін "қауіпсіздік талаптарына және" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 6-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Темір жол көлігі саласындағы қауіпсіздіктің жалпы талаптары";

7) 30-бап мынадай редакцияда баяндалсын:

"30-бап. Жалпы ережелер

1. Техникалық реттеу объектілері темір жол көліктері, темір жолдары, темір жол станциялары, вокзалдар және темір жол тасымалдарымен байланысты тасымалдау процесіне қатысушы басқа да объектілер, сондай-ақ олардың өмірлік циклінің процесі болып табылады.

2. Тасымал процесіне қатысушылар техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын орындауға және адамның өмірі мен денсаулығы, жолаушылардың жолда жүруі үшін қауіпсіз жағдайларды, сондай-ақ магистралдық, станциялық және кірме жолдармен жүрудің қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Қозғалыс қауіпсіздігі адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, тасымал процесіне қатысушылардың апатсыз жұмыс істеуіне жағдайлар туғызуға магистралдық темір жол желісін, темір жолдың жылжымалы құрамын, құрылыстарды, жабдықтарды, механизмдер мен тетіктерді дұрыс жағдайда ұстауға, сондай-ақ болуы ықтимал апаттардың зардаптарын жоюға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі.

4. Темір жолмен қиылысатын немесе оларға жақын орналасқан газ, мұнай құбырларын жүргізу және басқа құрылыстар салу мен пайдалану кезінде белгіленген нормативтердің сақталмағаны үшін, сондай-ақ аталған құрылыстарды пайдалану қауіпсіздігі үшін ортақ жауаптылық олардың меншік иелері мен иеленушілеріне жүктеледі.

Аталған құрылыстардың иеленушілері тасымал процесіне қатысушыларға және мемлекеттік көлік бақылау органдарына жүру қауіпсіздігіне қатер төндіретін апаттың немесе апаттық жағдайлардың туындағаны туралы дер кезінде хабардар етуге міндетті.

5. Қауіпті жүктерді жөнелтіп және қабылдап отыратын жөнелтуші (жүк жөнелтуші), алушы (жүк алушы), сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдайтын тасымалдаушы олардың қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз етуге міндетті, оларда апаттық жағдайларды және олардың зардаптарын жоюға қажетті құралдар мен жұмылдыру бөлімшелері (соның ішінде шарт бойынша) болуға тиіс.

Қауіпті жүктерді тасымалдау процесінде апаттық жағдайлар туындаған жағдайда тасымалдау процесіне қатысушылар аталған бөлімшелердің оқиға орнына жедел түрде жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті.

31-бап. Темір жол көлігі мен жабдықтарды рынокта айналдыру кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Темір жол көлігі мен жабдықтары, егер олар адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптарға сәйкес келмесе немесе тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін болса, онда оларды базарда өткізуге және пайдалануға тиым салынады.

2. Сәйкестікті растауға жататын темір жол көлігі мен жабдықтарды Қазақстан Республикасының рыногына орналастыратын тұлға олардың техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін растау үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

3. Темір жол көлігі мен жабдықтарда қауіптілік және қауіпсіз пайдалану туралы қажетті сақтандыру жазулары немесе белгілері болуы тиіс.

4. Темір жол көлігі мен жабдықтарын рынокта орналастырушы тұлға таратылып кеткен темір жол көлігі мен жабдықтарының қауіпсіздік талаптарын бұзғаны туралы және оларға қолданылған шаралар туралы уәкілетті органдарға жедел түрде ақпарат беруге міндетті.

5. Дайындаушыдан, импорттердан, пайдаланушыдан немесе мемлекеттік бақылау органдарынан темір жол көлігі мен жабдықтарының белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтіні туралы ақпарат алған тұлға оларды рынокқа орналастырмауы тиіс."

8) мынадай мазмұндағы 31-1, 31-2, 31-3, 31-4, 31-5 баптарымен толықтырылсын:

"31-1-бап. Темір жол көлігі мен жабдықтарды жобалау кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Темір жол көлігі объектілері, сондай-ақ қауіпті жүктерді өндіру, тиеу, түсіру (түсіріп алу), сақтау және тасымалдау жұмыстары жүргізілетін объектілер елді мекендерден, өндірістік, ауыл шаруашылығы және басқа да кәсіпорындардан, жеке ғимараттар мен құрылыстардан уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген құрылыс нормалары және ережелеріне сәйкес тиісті қашықтыққа алыстатылуы тиіс.

2. Жобалауда темір жол көлігі мен жабдықтардың жеке түрлеріне арналған техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына темір жол көлігінің немесе жабдықтардың жобасының сәйкестігі қамтамасыз етілуі тиіс

3. Жобалауда барлық өмірлік циклінің сатысындағы, соның ішінде бірқалыпты пайдалану, төтенше жағдайлар (бас тарту және сыртқы әсер), қызметкердің болжамды кателіктері мен рұқсат етілмейтін пайдалануы кезіндегі барлық мүмкін қауіп-қатерлер сәйкестендірілуі тиіс.

4. Темір жол көлігінің, оның тежегіш жабдығының, тежегіш жабдықтарды ауамен қамтамасыз ету қондырғысының, белгі беру және байланыс қондырғыларының, бақылау-өлшегіш және электр жабдығының конструкциясы пайдаланудың барлық кезеңіндегі адам өмірі мен денсаулығына қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Темір жол көлігі мен жабдығының барлық түрлері үшін пайдалану жөніндегі нұсқамаға сәйкес қызмет етудің белгілеген мерзімі (белгіленген ресурс) ішінде өрт, жарылыс, тікелей машинадан, бұдан немесе басқа да материалдардан туындаған қызып кету қаупі Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген рұқсат етілген мәндерден аспауы тиіс.

6. Жұмыс пен техникалық қызмет көрсетуге арналған барлық аймақтарға кіруге қауіпсіз қол жеткізу құралдарымен қамтамасыз ету қажет.

31-2-бап. Темір жол көлігі мен жабдығын өндірудегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Темір жол көлігі мен жабдығын өндіруде темір жол көлігі мен жабдығын дайындау процесінің жобалық құжаттаманың, осы Заңның және темір жол көлігі мен жабдығының нақты түрлеріне арналған техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

2. Темір жол көлігі мен жабдығын өндіруде дайындаушы жобалық құжаттамамен анықталған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық іс-шаралар жинағын орындауға және қауіпсіздіктің тәуелді болатын барлық технологиялық операцияларын орындауға бақылау жасау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Егер темір жол көлігі мен жабдығын дайындау процесінде немесе одан кейін қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін сынақтар жүргізу қажет болса, онда олар жобалық құжаттаманың барлық талаптарын орындай отырып толық көлемде жүргізілуі тиіс.

31-3-бап. Темір жол көлігі мен жабдығын пайдалану кезіндегі (монтаждау және жөндеу кезіндегі) қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Тасымалдау процесімен байланысты темір жолдары, темір жол станциялары аймақтары, вокзалдар және тасымалдау процесіне қатысушылардың басқа да объектілері қауіптілігі жоғары аймақ болып саналады және олардың уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес белгі беру қоршаулары болуы тиіс.

2. Пайдалану кезінде (монтаждау және жөндеу кезінде) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның қауіпсіздігіне әсер ететін техникалық сипаттамаларды сақтауға қойылатын барлық қажетті талаптар темір жол көлігі мен жабдығына арналған

пайдалану құжаттамасында берілуі тиіс.

3. Темір жол көлігі мен жабдығын пайдалануды (монтаждауды және жөндеуді) жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар темір жол көлігі мен жабдығына арналған пайдалану құжаттамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етуі тиіс.

4. Тартқыш көлік құралының (локомотивтің) иесі локомотивті тартқыш қызметін көрсету кезінде оның дұрыс жұмыс жағдайын, соның ішінде пайдалануға технологиялық дайындығының іске асырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Магистралдық және маневр жасау тепловоздарының зиянды заттарының және пайдаланылған газдарының тастандылары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мәннен аспауы тиіс.

6. Темір жол көлігі мен жабдығы өз қызметтерін орындауы, реттеуге және техникалық қызмет көрсетуге жатқызылуы, осы операцияларды орындау кезінде адамдарға қауіп-қатер төндірмеуі тиіс.

7. Темір жол көлігі мен жабдығын басқару жүйелері жұмыстың барлық қарастырылған режимінде және пайдалану жағдайларында оларды пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

8. Басқару қондырғылары жеңіл ажыратылуы тиіс, ал қажет болған жағдайларда жазулармен, символдармен немесе басқа тәсілдермен белгіленуі тиіс.

Темір жол көлігі мен жабдығы олардың толық және қауіпсіз тоқтатылуын (сөндірілуін) қамтамасыз ететін қажетті жабдықтармен жабдықталуы тиіс.

Басқару жүйесіне шұғыл тежеу және апаттық тоқтату жабдықтары, егер оларды пайдалану қауіп-қатердің алдын ала алатын немесе азайта алатын болса, кіргізілуі тиіс.

9. Темір жол көлігі мен жабдығының жүйесін орталықтан басқару пульті жүйенің кез-келген бөлігін пайдаланудың бұзылуы туралы ақпараттарды бейнелейтін құралдармен, сондай-ақ апаттық тоқтату (сөндіру) құралдарымен жабдықталуы тиіс.

10. Темір жол көлігі мен жабдықтарды басқарудың таңдалған режимінде апаттық тоқтатулардан (сөндіруден) басқа басқарудың басқа да барлық режимдеріне қатысты б а с ы м д ы л ы ғ ы б о л у ы т и і с .

11. Қуат көзінің және басқару сызбасының бұзылуы қауіпті жағдайлардың туындауына әкеліп соқтырмауы тиіс.

31-4 бап. Темір жол көлігі мен жабдығын тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Темір жол көлігі мен жабдығын тасымалдау және сақтау процесінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық сипаттамаларды сақтауға қойылатын барлық қажетті талаптар, соның ішінде буып-түюге, консервациялауға, тасымалдау және сақтау шарттарына қойылатын талаптар, белгіленген сақтау мерзімі, жайы-күйін қайта куәландыру мерзімі бойынша нұсқаулар, сақтау мерзімі өтіп кеткен жеке элементтерді, бөлшектерді, тораптарды ауыстыру темір жол көлігі мен жабдығына арналған пайдалану құжаттамаларында

к е л і с і л у і

т и і с .

2. Темір жол көлігі мен жабдығының нақты түрлерін тасымалдау және сақтау қауіпсіздігінің талаптары теміржол көлігі саласындағы техникалық регламенттермен белгіленеді.

3. Буып-түю мен консервациялау үшін қолданылатын материалдар мен заттар Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4. Тиеуді, түсіруді, тасымалдауды және қоймаға қоюды бекітілген қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып оқуын оқыған маман жүргізуі тиіс.

31-5-бап. Темір жол көлігі мен жабдығын кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

Заңды немесе жеке тұлға темір жол көлігі мен жабдығын кәдеге жаратуды және жоюды темір жол көлігінің әрбір түріне арналған техникалық регламенттермен белгіленген талаптарға сәйкес қамтамасыз етуі тиіс."

18. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2001 ж., N 23, 320-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж. . . , N 7 - 8 , 23 - құ ж а т) :

1) 1-баптың 11-тармақшасындағы "параметрі және ұшу сапасына" деген сөздер " қауіпсіздік және ұшу сапасын қамтамасыз етуші" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

" У ә к і л е т т і о р г а н м ы н а д а й :

азаматтық әуе кемелерін және аса жеңіл авиация әуе кемелерін пайдаланушы с е р т и ф и к а т ы ;

т и п с е р т и ф и к а т ы ;

аэродромның жарамдылық сертификаты;

ұшу жарамдылығы сертификаты;

нұсқа сертификаты құжаттарын беруді Азаматтық авиация халықаралық ұйымының (ААХҰ) талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Көрсетілген құжаттарды беру техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттелмейді."

3) 4 - б а п т а :

7-1) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17), 18), 19), 20), 21) және 23) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"17) азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларын белгілеу;

18) азаматтық әуе кемелерін және аса жеңіл авиация әуе кемелерін пайдаланушы сертификаттарын, тип сертификаттарын, аэродромның жарамдылық сертификаттарын, ұшу жарамдылығы сертификаттары мен нұсқа сертификаттарын сертификаттау және

к і р е д і " ;

2) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Сәйкестікті растау

1. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы қызметке жататын өнімді және оның өмірлік циклінің процестерінің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шет мемлекет берген сәйкестікті растау жөніндегі құжат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес танылады.";

3) мынадай мазмұндағы 1-1-тараумен толықтырылсын:

"1-1 тарау. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында қауіпсіздіктің жалпы талаптары

8-1-бап. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Тасымалдау процесіне қатысушылар адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздік шарттарын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қауіпсіз сауда мақсатында теңізде жүзу талаптарын сақтауға міндетті.

2. Сауда мақсатында теңізде жүзу қауіпсіздігі адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға, тасымалдау процесіне қатысушылардың апатсыз жұмыс жағдайын құруға, су жолдарын кеме жүретін жағдайда ұстауға, кеме, порттар, жағалаулық объектілерді және теңіздегі басқа да құрылыстарды техникалық жарамды жағдайда ұстауға, сондай-ақ кемелерде апат жағдайларды болдырмауға бағытталған ұйымдастыру және техникалық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі.

Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында техникалық реттеу объектілері:

1) сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелер, порттар, жағалау объектілері және су жолындағы басқа да құрылыстар;

2) сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелер, порттар, жағалау объектілері және теңіздегі басқа да құрылыстарды өндіру процесі (салу, жөндеу, қайта құру) болып табылады.

8-2-бап. Сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелерді, порттарды, жағалау объектілерін және су жолдарындағы құрылыстарды жасау (салу, жөндеу, қайта құру) кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Сауда мақсатында теңізде жүзетін кемелерді жасау (салу, жөндеу, қайта құру) кезінде олардың жобалау құжаттама талаптары мен сауда мақсатында теңізде жүзу заңнамасына сәйкестігі қамтамасыз етілуі тиіс.

2. Сауда мақсатында теңізде жүзетін кемелерді жасау (салу, жөндеу, қайта құру) кезінде дайындаушы жобалық құжаттамамен анықталған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың барлық кешенін орындауы және теңізде жүзу қауіпсіздігі тәуелді болатын барлық технологиялық операциялардың орындалуын бақылау

мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

3. Егер кеме жасау процесінде немесе одан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынаулар жүргізілуі талап етілсе, онда олар жобалық құжаттамалардың барлық талаптарын толық көлемде орындаумен жүргізілуі керек.

4. Әр кеме корпусына түсіріліп сәйкестендірілетін нөмірмен таңбалануы керек. Таңбалау көрінетін, анық және жуылмайтын болуы керек.

5. Кеме борттан асып құлап кету қаупін болдырмайтындай және борттан тыс қалған адамдарды құтқаруды қамтамасыз ететіндей үлгіде әзірленуі керек.

6. Негізгі рульдік басқару орны сенімді айнала шолуды қамтамасыз етуі керек.

7. Кеме өрт туындау және бату қаупіне ерекше көңіл бөлінетін пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен жабдықталған болуы керек.

8-3-бап. Сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелерді, порттар, жағалау объектілері мен су жолдарындағы құрылыстарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Кемелер, порттар, жағалау объектілері мен сауда мақсатында теңізде жүзу процесімен байланысты теңіздегі басқа да құрылыстар қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылады және заңнамалық актілер мен сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметі актілерінің талаптарына жауап беруі к е р е к .

2. Кеме, порттар, жағалау объектілерін және теңіздегі басқа да құрылыстарды пайдаланатын жеке немесе заңды тұлғалар заңнамалық актілер мен сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметі актілері талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі керек.

3. Сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелерді пайдалану адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға теріс әсер етпеуі керек.";

4) 15-баптың 3-тармағында "уәкілетті орган" деген сөздер "сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы техникалық регламенттермен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5) 42-баптың 2-тармағының 1)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кемеңің сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі жағдайда;"

6) 59-баптың 1-тармағы "кемеңің" деген сөзден кейін "қауіпсіздігін және" деген сөздермен толықтырылсын ;

7) 72-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тасымалдау кезінде жүктің толық сақталуын қамтамасыз ету үшін ыдысқа салуды және буып-түюді қажет ететін жүк тасымалдауға жарамды ыдысқа салынып және буып-түйіліп берілуге тиіс. Ыдыс және орау техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздіктің міндетті талаптарына сәйкес болуы тиіс.";

9) 196-баптың 1-тармағының 1)-тармақшасында "азаматтың" деген сөз "адам" деген сөзбен ауыстырылсын."

20. "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2002 ж., N 5, 54-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат, 2006 ж. N 1, 5-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 6-бапты мынадай мазмұндағы 12)-тармақшамен толықтырылсын:

"12) атмосфералық ауаны қорғау саласында техникалық регламенттерді бекіту.";

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 17)-тармақшамен толықтырылсын:

"17) атмосфералық ауаны қорғау саласында техникалық регламенттерді әзірлеу.";

3) 16-баптың 1-тармағында "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 27-бапты мынадай мазмұндағы 13)-тармақшамен толықтырылсын:

"13) атмосфералық ауаға таралатын зиянды заттар тастандыларының белгіленген шекті-рұқсат етілген нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге."

22. "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2002 ж., N 7-8, 77-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат; 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 1, 3 және 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік (бұдан әрі - өнеркәсіптік қауіпсіздік) жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік объектілердегі авариялардан және аталған авариялардың зардаптарынан қорғалуының жай-күйі;

2) авария - ғимараттардың, құрылыс және (немесе) қауіптік өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың бұзылуы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың тасталуы;

3) оқиға - қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе бұзылуы, технологиялық процестің режимінен ауытқуы, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асырушы мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган).";

3-бап Қауіпті өндірістік объектілер

Қауіпті өндірістік объектілерге:

1. Төмендегі мына сияқты:

1) тұтанғыш - қалыпты қысым мен ауамен қосылу жағдайында тұтанғыш болатын және қайнау температурасы қалыпты қысым жағдайында 20 немесе одан төмен Цельсий градусын құрайтын заттар;

2) жарылғыш - сыртқы әсердің белгілі бір түрлері кезінде жылу бөліп, газ құрап, өз-өзінен жылдам тарайтын химиялық өзгерістерге ұшырай алатын заттар;

3) жанғыш - өздігінен тұтана, сондай-ақ от алдыру көзінен от алып, оны алып тастағаннан кейін өздігінен жаңа алатын заттар;

4) тотықтандырғыш - жануға көмектесетін, тұтануды тудыратын және (немесе) тотықтандыру-қалпына келтірудің экзотермиялық реакциясы нәтижесінде басқа заттардың тұтануына себеп болатын заттар;

5) уытты - тірі ағзаларға әсер ету жағдайында олардың опат болуына әкелетін және мынадай сипаттамаларға ие заттар:

асқазанға енгізген жағдайда орташа өлтіру өлшемі салмақ килограммына 15-тен 200 миллиграмға дейін қоса;

теріге жұққан жағдайда орташа өлтіру өлшемі салмақ килограммына 50-ден 400 миллиграмға дейін қоса;

ауадағы орташа өлтіретін шоғыры литрге 0,5-тен 2 миллиграмға дейін қоса;

6) уыттылығы жоғары - тірі ағзаларға әсер ету жағдайында олардың опат болуына әкелетін және мынадай сипаттамаларға ие заттар:

асқазанға енгізген жағдайда орташа өлтіру өлшемі салмақ килограммына 15 миллиграмнан артық емес;

теріге жұққан жағдайда орташа өлтіру өлшемі салмақ килограммына 50 миллиграмнан артық емес;

ауадағы орташа өлтіру шоғыры литрге 0,5 миллиграмнан артық емес;

7) қоршаған табиғи орта үшін қауіп тудыратын заттар, сондай-ақ су ортасында мынадай өте уыттылық көрсеткіштерімен сипатталатын заттар:

балыққа 96 сағат бойына ингаляциялық әсер ету жағдайында орташа өлтіру өлшемі литрге 10 миллиграмнан артық емес;

шашақмұрт шаянға 48 сағат бойына әсер ету жағдайында нақты әсер тудыратын удың орташа шоғыры литрге 10 миллиграмнан артық емес;

балдырларға 72 сағат бойына әсер ету жағдайында орташа тежеу шоғыры литрге 10 миллиграмнан артық емес;

қауіпті заттар өндірілетін, пайдаланылатын, қайта өңделетін, түзілетін, сақталатын,

тасымалданатын, жойылатын объектілер жатады.

2. 0,07 мегапаскальдан астам қысыммен немесе сұйықтықтың қайнау температурасынан 115 Цельсий градусынан жоғары температурада жұмыс істейтін техникалық жабдық.

3. Қара және түсті металдардың балқымалары және осы балқымалардың негізіндегі қорытпалар.

4. Тау-кен, геологиялық барлау, жарылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, байыту жөніндегі жұмыстары, жер асты жағдайындағы, (оның ішінде теңіз қайрандары мен ішкі сутоғандарындағы) жұмыстар.

5. Құрамында адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпті заттары бар өндіріс қалдықтар.

6. Жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер.

7. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын электр қондырғыларының барлық түрлері.

8. Қауіпті өндірістік объектілердің гидротехникалық ғимараттары.

9. Радиоактивті және ионды сәулелену көздері.

10. Қару-жарақ пен оларға оқ-дәрілерді әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, сақтау және кәдеге жарату.";

"4-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздіктің міндетті талаптарын белгілеу;

2) қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларына сәйкестігін растау процедурасынан өткен технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға жіберу;

3) қауіпті өндірістік объектінің қауіпсіздігін декларациялау;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау, сондай-ақ өндірістік қадағалау;

5) қауіпті өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігін сараптау;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізуге ұйымды аттестаттау;

7) өнеркәсіптік қауіпсіздікке мониторинг жүргізумен қамтамасыз етіледі.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары өнеркәсіптік қызметкерлерді, халық пен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, қоршаған табиғи ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және құрылыс қауіпсіздігі саласындағы нормаларға, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкес болуы тиіс.";

2) 6-баптың 3)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында техникалық регламенттерді бекітеді.";

3)-тармақшада "салааралық" деген сөз алынып тасталсын;
"көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді" деген сөз "техникалық регламенттерді бекітуден басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік заң бұзушылық туралы өндіруді жүзеге асырады;"
мынадай мазмұндағы 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27)-тармақшалармен толықтырылсын:

"17) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында техникалық регламенттерді әзірлейді немесе келіседі;

18) өндірістік қадағалау тиімділігін, ұйымдардың апаттарды және оның зардаптарын жоюға дайындығын, қауіпті өндірістік объектілерде апат зардаптарын таратпау және жою жөніндегі жұмыстарды бақылайды;

19) ғылыми зерттеулер жүргізуге, білімді насихаттауға, халықты даярлауға аттестатталған ұйымдарды, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін бақылайды;

20) өнеркәсіптік қауіпсіздік мониторингін жүргізеді;

21) қауіпті өнеркәсіптік объектілерді есептеуді жүзеге асырады;

22) қауіпті өндірістік объектілерде ғимараттар, құрылыстарға, техникалық құрылғыларға, материалдарға қазіргі техникалық растаудың жүргізілуін бақылайды;

23) ұйымдарды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу құқығына аттестаттауды жүзеге асырады;

24) әскери, тау-кен құтқару, газдан қорғау, бұрқакқа қарсы қызметтер мен бөлімдердің іс-әрекетіне басшылық етеді;

25) техникалық құрылғыларды, материалдарды қабылдау сынақтарын жүргізуге келіседі;

26) өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясына сараптама жүргізеді;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің аумақтық бөлімшелерінің құзіреттілігін анықтайды.";

4) 9-бап мынадай мазмұндағы 4)-тармақшамен толықтырылсын:

"4) жерлерді қауіпті өндірістік объектілерге беруді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келіседі.";

атауында және бірінші абзацта "жеке тұлғалардың" деген сөздер "Жұмыскерлердің" және "Жұмыскерлер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымның әкімшілігін қауіпті өндірістік объектідегі авариялар, оқиғалар туралы дереу хабардар етуге;"

3)-тармақшада "нұсқама алуға және оқуға" деген сөздер "оқуға және нұсқама алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Қауіпті өнеркәсіптік объектінің иелері жеке және заңды тұлғалардың м і н д е т т е р і

Қауіпті өнеркәсіптік объектінің иелері:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасы аумағында қолданысы рұқсат етілген технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына өндірістік қадағалауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға;

4) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын ғимараттардың өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптауды, кен жұмыстарын дамыту жоспарларын келісуді, құрылыстар мен техникалық құрылғыларын қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын материалдарды диагностилеуді, сынауды, растауды нормативтік құқықтық актілермен белгіленген мерзімдерде немесе мемлекеттік инспектор бұйрығы бойынша жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т у ;

5) әрі қарай пайдаланудың мүмкін мерзімін анықтау үшін пайдаланудың нормативтік мерзімінен өткен техникалық құрылғыларға, материалдарға сараптама ж ү р г і з у ;

6) қауіпті өндірістік объектілерге белгіленген талаптарына сәйкес келетін лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерді жұмысқа жіберу;

7) қауіпті өндірістік объектілерге бөтен тұлғалардың кіруінің алдын алу;

8) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органың аумақтық бөлімшелеріне өндірістік қадағалауды ұйымдастыру тәртібі туралы және оны жүзеге асыру уәкілеттік берілген жұмыскерлер туралы мәліметтерді ұсыну;

9) апаттардың туындау себептеріне талдау жүргізу, апаттар мен олардың зардаптарын болдырмау, жоюға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

10) апаттар туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін, жергілікті мемлекеттік басқару органдарын, халық пен жұмыскерлерді бірден хабардар ету;

11) апаттарға есеп жүргізу;

12) мемлекеттік инспекторлар берген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзуды жою жөніндегі бұйрықтарды о р ы н д а у ;

13) қауіпті өндірістік объектінің қаржылық-экономикалық іс-әрекетінің жоспарын әзірлеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шығындарды қ а р а с т ы р у ;

14) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық

бөлімшелеріне апаттар, жарақат алу және кәсіби аурулар туралы ақпаратты ұсыну;

15) іс-әрекеті үшінші тұлғаларға залал келтірумен байланысты декларациялануға жататын қауіпті өндірістік объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауаптылығын сақтандыру;

16) мемлекеттік органдарға, азаматтарға қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайы туралы анық ақпарат беру;

17) тексерудің тағайындалғаны туралы бұйрықты және қызметтік куәлікті көрсеткен жағдайда мемлекеттік инспекторды осы Заңмен жүктелген қызметтерді жүзеге асыру үшін объектіге кедергісіз рұқсат беру;

18) өзінің нормативтік мерзімін өтеген техникалық жабдықтардың уақтылы жаңартуын қамтамасыз ету;

19) осы Заңмен анықталған қауіпті өндірістік объектілерді декларациялау;

20) қауіпті өндірістік объектіні жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ететін ұйымдастыру-техникалық іс-шаралармен белгіленген талаптарға сәйкес жұмыскерлер штатының толықтыруын қамтамасыз ету;

21) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыскерлердің дайындығын, қайта даярлануын, біліктілігін арттыруын және аттестатталуын қамтамасыз ету;

22) өнеркәсіптік объектілердің қауіптілігінің декларациялануына сараптама жүргізуді қамтамасыз ету;

23) кәсіби апаттық-құтқару қызметтермен қызмет көрсетуге шарт бекіту, өзіндік апаттық-құтқару қызметін құру.

Осы қызметтер уәкілетті органмен аттестатталуы керек.

Апатты жою жоспары бар декларациялануға жататын объектілерге апаттық-құтқару жұмыстарына тек мемлекеттік кәсіби апаттық-құтқару қызметтері жіберіледі;

24) апат зардаптарын таратпау және жою үшін материалдық қор мен қаржы ресурстары болуы керек;

25) жұмыскерлерді қауіпті өндірістік объектілерде апат болған жағдайда қорғану және әрекет ету әдістеріне оқыту;

26) қауіпті өндірістік объектілерде апат болған жағдайда бақылау, хабарлау, байланыс және іс-әрекетті қолдау жүйелерін құру және олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

27) үш тәулік ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне олардың өнеркәсіптік объектіде болуы осы Заңның қосымшасына сәйкес декларациялану үшін негіз болып табылатын қауіпті заттарды тасымалданатын туралы хабарлауы керек;

28) қауіпті өндірістік объектілерді уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінде есепке алуды, есептен шығаруды жүзеге асыру;

29) қауіпті өндірістік объектілердің салуға, қайта құруға, түрлендіруге, жоюға (оның ішінде таратуға) арналған жобаларын уәкілетті органмен келісу;

30) қауіпті өндірістік объектілердің пайдалануға енгізу кезінде уәкілетті орган өкілдерінің қатысуымен қабылдау сынақтарын жүргізу.";

мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті міндетті декларациялау

1. Міндетті декларациялануға осы Заңның Қосымшасына сәйкес қауіпті заттар әзірленетін, өндірілетін, пайдаланылатын, қайта өңделетін, түзілетін, сақталатын, тасымалданатын, жойылатын объектілер, қара және түсті металл қорытпалары мен осы қорытпалар негізіндегі балқымалары, кен, геологиялық барлау, бұрғылау (оның ішінде теңіз қайрандары мен ішкі су қоймаларында), пайдалы қазбаларды игеру және байыту жөніндегі жарылыс жұмыстары, жер асты жағдайындағы жұмыстар, радиоактивті және ионды сәулелену көздері, қауіпті өндірістік объектілердің гидротехникалық құрылыстары, қару-жарақ және оқ-дәрілер жатады.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялау (бұдан әрі - декларация) қауіпті өндірістік объектіні салу, кеңейту, қайта құру, техникалық жабдықтау, сақтау және жоюға арналған жоба құрамында әзірленеді, қайта қаралады.

3. Декларация мынадай мәліметтерден тұруы керек:

- 1) қауіпті заттар тізбесі (оның ішінде өндірілетін) және олардың сипаттамалары;
- 2) қауіпті әсер ету факторлары (әр фактор жеке; басқа факторлармен өзара әрекетте; қоршаған ортамен өзара әрекеттесіп);
- 3) қауіпті факторлардың таралуы туралы технологиялық деректер;
- 4) қауіптілік пен тәуекелге талдау;
- 5) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі техникалық шешімдер;
- 6) апаттық жағдайлардың туындау жағдайын талдау;
- 7) қызметкерлерді апат жағдайда іс-әрекетке дайындау;
- 8) апаттардың туындау және дамуының ықтимал сценарийлерінің схемасы;
- 9) апатты жою жоспары (хабарлау жүйесі; адамдарды қорғау жөніндегі құралдар мен шаралар; апатты, төтенше жағдайларды жоюға арналған резервтік ресурстар; зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша медициналық қамтамасыз ету).

4. Декларацияны әзірлеуді қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйым, не өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізуге аттестатталған ұйым жүзеге асырады.

5. Декларация ондағы бар өндірістік қауіпсіздік мәліметтері өзгерген немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары өзгерген жағдайда өзгерістер пайда болған кезден бастап үш ай ішінде нақтыланады.

6. Декларацияны қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым басшысы бекітеді. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым иесі Декларациядағы мәліметтердің дер кезінде ұсынуына, толықтығы мен растығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7. Декларация уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде сараптауға жатады.

Декларацияға өзгерістер енгізілген жағдайда оны қайтадан сараптама өткізу м і н д е т т і .

8. Декларация екі данада жоба құрамында немесе жеке құжатпен сараптық қорытындымен бірге уәкілетті органға тіркелуге ұсынылады. Бір данасы уәкілетті органда, бір данасы қауіпті өндірістік объектіні пайдаланушы ұйымда сақталады.

9. Қауіпті объектіні декларациясыз пайдалану рұқсат етілмейді.

8) мынадай мазмұндағы 4-2-тараумен толықтырылсын:

"4-2-тарау. Қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғылар, материалдарды (оның ішінде шетел) дайындауға, сынауға және қолдануға рұқсат беру

14-8-бап. Қайта құрылған техникалық құрылғыларға, материалдарға қабылдау сынақтарын жүргізу

1. Қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын қайта құрылған, оның ішінде шетелде өндірілген техникалық құрылғылар, материалдар өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке қабылдау сынақтарына жатады.

Қабылдау сынақтарын уәкілетті органмен аттестатталған ұйымдар жүргізеді.

2. Техникалық құрылғылардың, материалдардың тәжірибелік үлгілеріне қабылдау сынақтарын жүргізуге рұқсатты уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері береді.

3. Техникалық құрылғылардың, материалдардың тәжірибелік үлгілеріне қабылдау сынақтарын жүргізуге рұқсат алу үшін аттестатталған ұйым уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) сынақ жүргізу бойынша комиссияның тағайындалғаны туралы бұйрық;

2) сынақ бағдарламасы мен әдістемесі.

4. Тәжірибелік үлгілерге қабылдау сынақтары техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамамен белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін сипаттамалар жағдайында жүргізілуі тиіс.

5. Уәкілетті органмен келісім бойынша қабылдау сынақтары дайындаушыда жүргізіле алады. Сынақтар көлемі мен жүргізілу тәртібін аттестатталған ұйым а н ы қ т а й д ы .

6. Шет елде өндірілген техникалық құрылғылар, материалдар үшін үлгілерге қабылдау сынақтарын жеткізуші елде Қазақстан Республикасында аттестатталған ұйымның жүргізуі рұқсат етіледі. Бұндай сынақтарды жүргізу уәкілетті органмен келісіп және оның өкілі қатысқан жағдайда жүзеге асырылады.

7. Қабылдау сынақтарының нәтижелері бойынша техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары мен нормаларына сәйкестігі туралы акт, кемшіліктерінің бары немесе жоғы, оларды жою жөніндегі ұсыныстар, өнімнің осы түрін Қазақстан Республикасы аумағында қолдану жөнінде ұсыныстар беріледі.

14-9-бап. Техникалық құрылғыларды дайындауға рұқсат беру

1. Техникалық құрылғыларды, материалдарды дайындауға рұқсат алу үшін өтінуші уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) арналғаны туралы қысқаша ақпаратпен ілеспе хат;
- 2) дайындаушының сериялық өндіру жағдайында өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштерінің тұрақтылығын қамтамасыз ете алу мүмкіндігін растайтын сараптамалық қорытынды.

2. Материалдарды алғаннан кейін 30 күннен артық емес мерзім ішінде уәкілетті орган ұсынылған материалдарды қарастырады және олар бойынша шешім қабылдайды. Деректерді толық емес ұсынған жағдайда өтінушіден қосымша мәліметтер сұралады. Бұл жағдайда қарастыру мерзімі олардың келіп түскен мерзімінен басталып есептеледі.

Қарастыру нәтижелері бойынша уәкілетті орган техникалық құрылғыларды, материалдарды Қазақстан Республикасы аумағында дайындауға рұқсат береді.

3. Ұсынылған өтініштің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкеспегені жағдайда өтінушіге негізделген бас тарту беріледі.

14-10-бап. Технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға рұқсат беру

1. Технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қолдануға рұқсат алу үшін өтінуші уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) технологиялардың, техникалық құрылғылардың арналғаны және қолданылу саласы туралы қысқаша ақпараты бар ілеспе хат;
- 2) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды.

2. Технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі жағдайда уәкілетті орган оларды қолдануға рұқсат б е р е д і .

3. Пайдалану барысында технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда оларға берілген рұқсат шақыртылып алынады.

4. Технологиялардың, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға берілген, шақыртылып алынған рұқсаттар есебін уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Рұқсат Қазақстан Республикасы аумағында, барлық құқық субъектілері үшін қ о л д а н ы с т а б о л а д ы .

6. Қазақстан Республикасында қолданысқа рұқсат берілген шақыртылып алынған технологиялар, техникалық құрылғылар, материалдар туралы ақпаратты уәкілетті орган кезеңді басылымда жариялайды.

14-11-бап. Жаңа, оның ішінде шетелде өндірілген жарылғыш заттарды қолдануға рұқсат беру

1. Жаңа, оның ішінде импорт өндірілген жарылғыш заттарды қолдануға рұқсатты төмендегілерден тұратын сынақтар кешенін өткізгеннен кейін уәкілетті орган береді:

1) жарылғыш материалдардың оларды дайындауға және қолдануға арналған техникалық құжаттамада, оның ішінде қауіпсіздік жөніндегі ереже мен нормаларда белгіленген талаптарға сәйкестікке бақылау сынақтары;

2) өндірістік жағдайларда алдын ала және қабылдау сынақтары;

3) өндірістік сынақтарды бақылау сынақтарының нәтижелері байланысты бір немесе екі кезеңде жүргізу.

2. Сынақтар жүргізу жөніндегі комиссия құрамына кәсіпорынның сараптық ұйымның және уәкілетті органның өкілдері кіргізілуі керек.

3. Рұқсат алу үшін өтінуші уәкілетті органға мынадай құжаттарды береді:

1) тәжірибелік партияны сынау актісі;

2) жарылғыш материалдардың сәйкестік сертификаты.

14-12-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті сараптау

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті сараптауға мыналар жатады:

1) қауіпті өндірістік объектілерін құруға, кеңейтуге, қайта құруға, техникалық қайта жабдықтауға, конверсациялауға және жоюға арналған жобалық құжаттама.

Жобалық құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда қайта сараптауды жүргізуге м і н д е т т і ;

2) қауіпті өндірістік объектілерінде қолданылатын технологиялар, техникалық құрылғылар, материалдар;

3) өндірістік қауіпсіздік декларациясы;

4) ғимарат, құрылыс жағдайы.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптаманы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен аттестатталған ұйымдар, қауіпті өндірістік объект иесінің қаражаты е с е б і н е н жү р г і з е д і .

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптама жүргізу нәтижесі сараптамалық қорытынды болып табылады.

14-13-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізуге ұйымды аттестаттау

1. Аттестаттауға жататын ұйымдар құқылы:

1) декларацияланатын объектілерде жұмыстар жүргізуге;

2) техникалық құрылғылардың, технологиялардың және материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін куәліктендіретін құжаттар беру;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сараптама жүргізу;

4) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын ж ү р г і з у ;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында нормативтік құжаттарды әзірлеу;

7) апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу;
8) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру құқығына аттестатталуға жатады.

2. Аттестатталу үшін ұйым мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) нотариалды расталған ұйым жарғысының көшірмесі;

3) ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік көшірмесі;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстарды орындауға ұйым әлеуеті туралы түсіндірме жазба.

3. Құжаттарды қарастыру толық көлемде құжаттарды тапсырған күннен бастап үш айдан кеш емес мерзімде жүзеге асырылады.

4. Қарастыру қорытындысы бойынша уәкілетті орган аттестаттау немесе аттестаттаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

5. Аттестаттау немесе аттестаттаудан бас тарту туралы шешім ұйымға шешім қабылдаған күннен бастап бір айлық мерзім ішінде беріледі.

6. Аттестатты беруден бас тарту мына себептерден болуы мүмкін:

1) барлық құжаттар ұсынылмаған;

2) ұйым әлеуетінің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар орындау үшін сәйкеспейді.

Ұйым көрсетілген себептерді жойған жағдайда аттестаттау туралы өтініш жалпы негізде қарастырылады.

7. Аттестаттың әрекет ету мерзімі 5 жылды құрайды.

Ұйым осы баптың 1-тармағында көрсетілген, өзіне берілген аттестатпен қарастырылмаған іс әрекетті жүзеге асырған жағдайда уәкілетті орган өз шешімімен аттестаттың қолданылуын алты айлық мерзімге дейін тоқтатады.

Аттестат өз әрекетін:

1) заңды тұлғаның қайта құрылғаны немесе таратылғаны;

2) олар бойынша аттестаттың қолданылуын тоқтатылған себептерді жоймаған;

3) ұйымның аттестаттың қолданылуын тоқтату туралы өтінішін берген;

4) қолдану мерзімінің аяқталғаны жағдайда тоқтатады.

8. Аттестат алған немесе аттестаттың қолданылуы аяқталған ұйымдар туралы ақпаратты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ресми баспа бетінде жариялайды.

Уәкілетті орган берілген және шақыртылып алынған аттестаттар тізбесін жүргізеді.

4-1-тарау. Технологияларды, техникалық құрылғылар, материалдарды (оның ішінде шет елдік) дайындауға, сынауға және қолдануға рұқсат беру

14-8-бап. Қайта құрылған техникалық құрылғыларға, материалдарға қабылдау сынақтарын жүргізу

1. Қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын қайта құрылған, оның ішінде импорт техникалық құрылғылар, материалдар өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке қабылдау сынақтарына жатады.

Қабылдау сынақтарын уәкілетті органмен аттестатталған ұйымдар жүргізеді.

2. Техникалық құрылғылардың, материалдардың тәжірибелік үлгілеріне қабылдау сынақтарын жүргізуге рұқсатты уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері береді.

3. Техникалық құрылғылардың, материалдардың тәжірибелік үлгілеріне қабылдау сынақтарын жүргізуге рұқсат алу үшін аттестатталған ұйым уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) сынақ жүргізу бойынша комиссияның тағайындалғаны туралы бұйрық;

2) сынақ бағдарламасы мен әдістемесі.

4. Тәжірибелік үлгілерге қабылдау сынақтары техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамамен белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін сипаттамалар жағдайында жүргізілуі керек.

5. Уәкілетті органмен келісім бойынша қабылдау сынақтары дайындаушыда жүргізіле алады. Сынақтар көлемі мен жүргізілу тәртібін аттестатталған ұйым анықтайды.

6. Шет елде өндірілген техникалық құрылғылар, материалдар үшін Қазақстан Республикасында ұйыммен аттестатталған жеткізуші елінде үлгілерге қабылдау сынақтарын жүргізуге рұқсат етіледі. Бұндай сынақтарды жүргізу уәкілетті органмен келісіп және оның өкілі қатысқан жағдайда жүзеге асырылады.

7. Қабылдау сынақтарының нәтижелері бойынша техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары мен нормаларына сәйкестігі туралы, кемшіліктерінің бары немесе жоғы туралы, оларды жою жөнінде ұсыныстар, өнімнің осы түрін Қазақстан Республикасы аумағында қолдану жөнінде ұсыныстар туралы акт беріледі.

14-9-бап. Техникалық құрылғыларды дайындауға рұқсат беру

1. Техникалық құрылғыларды, материалдарды дайындауға рұқсат алу үшін өтінуші уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) техникалық құрылғылардың материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін куәлікте өндіретін, Қазақстан Республикасында аттестатталған ұйыммен берілген құжат;

2) техникалық құрылғыға, материалға арналған нормативтік құжат;

3) дайындаушының сериялық өндіру жағдайында өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштерінің тұрақтылығын қамтамасыз ете алу мүмкіндігін растайтын, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісілген сараптамалық қорытынды.

2. Материалдарды алғаннан кейін 30 күннен артық емес мерзім ішінде уәкілетті орган ұсынылған материалдарды қарастырады және олар бойынша шешім қабылдайды.

Деректерді толық емес ұсынған жағдайда өтінушіден қосымша мәліметтер сұралады. Бұл жағдайда қарастыру мерзімі олардың келіп түскен мерзімінен басталып есептеледі. Қарастыру нәтижелері бойынша уәкілетті орган техникалық құрылғыларды, материалдарды Қазақстан Республикасы аумағында дайындауға рұқсат береді.

3. Ұсынылған өтініштің өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкеспегені жағдайда өтінушіге негізделген бас тарту беріледі.

14-10-бап. Технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға рұқсат беру

1. Технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға рұқсат алу үшін өтінуші уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың арналғаны және қолданылу саласы туралы қысқаша ақпараттан тұратын ілеспе хат;

2) техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды.

2. Технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі жағдайда уәкілетті орган техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға рұқсат береді.

3. Пайдалану барысында техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда оларға берілген рұқсат шақыртылып алынады.

4. Техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға берілген, шақыртылып алынған рұқсаттар есебін уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Рұқсат Қазақстан Республикасы аумағында, барлық құқық субъектілері үшін қолданыста болады.

6. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат берілген шақыртылып алынған техникалық құрылғылар, материалдар туралы ақпаратты уәкілетті орган ресми басылымда жариялайды.

14-11-бап. Жаңа, оның ішінде импорт өндірілген жарылғыш заттарды қолдануға рұқсат беру

1. Жаңа, оның ішінде импорт өндірілген жарылғыш заттарды қолдануға рұқсатты төмендегілерден тұратын сынақтар кешенін өткізгеннен кейін уәкілетті орган береді:

1) жарылғыш материалдардың оларды дайындауға және қолдануға арналған техникалық құжаттамада, оның ішінде қауіпсіздік жөніндегі ереже мен нормаларда белгіленген талаптарға сәйкестікке бақылау сынақтары;

2) өндірістік жағдайларда алдын ала және қабылдау сынақтары;

3) өндірістік сынақтарды бір немесе екі кезеңде жүргізу бақылау сынақтарының нәтижелері бойынша анықталады.

2. Сынақтар жүргізу жөніндегі комиссия құрамына кәсіпорын сараптық ұйым және уәкілетті орган өкілдері кіргізілуі керек.

3. Рұқсат алу үшін өтінуші уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) тәжірибелік партияға сынақтың бекітілген актісі;
- 2) жарылғыш материалдардың сәйкестік сертификаты.

14-12-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті сараптау

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті сараптауға:

1) қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, қайта құруға, техникалық қайта жабдықтауға, сақтауға және жоюға арналған жобалық құжаттама жатады.

Жобалық құжаттамаға өзгерістер енгізген жағдайда қайталау сараптамасын жүргізу м і н д е т т і ;

2) қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын технологиялар, техникалық құрылыстар, материалдар;

3) өнеркәсіптік қауіптілік декларациясы;

4) ғимараттар, құрылыстар жағдайы жатады.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен аттестатталған ұйымдар қауіпті өндірістік объект иесінің есебінен жүргізеді.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптама жүргізу нәтижесі сараптамалық қорытынды болып табылады.

14-13-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізуге ұйымды аттестаттау

1. Аттестаттауға жататын ұйымдар құқылы:

1) декларацияланатын объектілерде жұмыстар жүргізуге;

2) техникалық құрылыстардың, технологиялардың және материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін куәліктендіретін құжаттар беру;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сараптама жүргізу;

4) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізу;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында нормативтік құжаттарды әзірлеу;

7) апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу;

8) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру құқығына аттестатталуға жатады.

2. Аттестатталу үшін ұйым мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) нотариалды расталған ұйым жарғысының көшірмесі;

3) ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік көшірмесі;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстарды орындауға ұйым әлеуеті туралы түсіндірме жазба.

3. Құжаттарды қарастыру толық көлемде құжаттарды тапсырған күннен бастап үш

айдан кеш емес мерзімде жүзеге асырылады.

4. Қарастыру қорытындысы бойынша уәкілетті орган аттестаттау немесе аттестаттаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

5. Аттестаттау немесе аттестаттаудан бас тарту туралы шешім ұйымға шешім қабылдаған күннен бастап бір айлық мерзім ішінде беріледі.

6. Аттестатты беруден бас тарту мына себептерден болуы мүмкін:

1) барлық құжаттар ұсынылмаған;

2) ұйым әлеуетінің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар орындау үшін с ә й к е с п е у і .

Ұйым көрсетілген себептерді жойған жағдайда аттестаттау туралы өтініш жалпы негізде қ а р а с т ы р ы л а д ы .

7. Аттестаттың әрекет ету мерзімі 5 жылды құрайды.

Ұйым осы баптың 1-тармағында көрсетілген, өзіне берілген аттестатпен қарастырылмаған іс әрекетті жүзеге асырған жағдайда уәкілетті орган өз шешімімен аттестаттың қолданылуын алты айлық мерзімге дейін тоқтатады.

А т т е с т а т ө з ә р е к е т і н :

1) заңды тұлғаның қайта құрылғаны немесе таратылғаны;

2) олар бойынша аттестаттың қолданылуын тоқтатылған себептерді жоймаған;

3) ұйымның аттестаттың қолданылуын тоқтату туралы өтінішін берген;

4) қолдану мерзімінің аяқталғаны жағдайда тоқтатады.

8. Аттестат алған немесе аттестаттың қолданылуы аяқталған ұйымдар туралы ақпаратты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ресми баспа бетінде ж а р и я л а й д ы .

Уәкілетті орган берілген және шақыртылып алынған аттестаттар тізбесін жүргізеді.

9) Заңды осы Заңның қосымшасына сәйкес қосымшамен толтыру.

22. "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2002 ж., N 13 -14, 140-құжат; 2004 ж., N 17, 98-құжат; 2005 ж., N 23, ст. 142); 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 1-баптың 11)-тармақшасы алынып тасталсын;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 6)-тармақшамен толықтырылсын:

"6) пестицидтер (улы химикаттар) айналымы санасында техникалық регламенттерді б е к і т е д і . " ;

3) 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

3)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) пестицидтер (улы химикаттар) айналымы саласында техникалық регламенттерді

ә з і р л е у ; " ;

18)-тармақшада "пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану ережелерінің сақталуын бақылау" деген сөздер "пестицидтер (улы химикаттар) айналымы саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 12-баптың 2)-тармақшасындағы "мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және көліктік бақылау органдарының келісімімен уәкілетті орган белгілейді" деген сөздер "пестицидтер айналымы саласындағы техникалық регламенттермен белгіленеді." деген сөздермен ауыстырылсын.

5) 14-5-баптың 2)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"2) пестицидтер (улы химикаттар) айналымы саласында техникалық регламенттермен белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтауға;"

6) мынадай мазмұндағы 4-1-тараумен толықтырылсын:
"4-1 тарауы. Пестицидтер (улы химикаттар) айналымы саласындағы жалпы қауіпсіздік талаптары

19-6-бап. Пестицидтерді буып-түю жөніндегі талаптар

1. Пестицидтерді буып-түю және оларға арналған ыдыс өнімді сақтау, тасу және өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

2. Буып-түю мен ыдысқа пайдаланылатын материалдар адамды, қоршаған ортаны пестицидтердің қауіпті қасиеттерінен қорғау үшін арнайы лайықталуы тиіс.

3. Буып-түю мен ыдысқа пайдаланылатын материалдар пестицидтердің құрама заттарының бұзатын немесе өзге зиянды әсеріне төзімді болуы және:

1) жану және/немесе жылудың едәуір бөлігінің бөлінуін;

2) тез тұтанатын, уытты немесе тұншықтыратын газдардың бөлінуін;

3) басқа да химиялық белсенді және қауіпті заттардың түзілуін тудыратын реакцияға түсе отырып, олармен өзара әрекеттеспей тиіс."

19-7 бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Пестицидтерді қолдану Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізімінде белгіленген тиімді және қауіпсіз технологияларды сақтау арқылы жүзеге асырылады.

2. Пестицидтерді техникалық регламенттерді бұзып қолдануға тиым салынады.

3. Пайдаланылмаған пестицидтерді (улы химикаттарды) уақытша сақтауға арнайы арналған орындардан басқа жұмыс орындарында қалдыруға тиым салынады.

4. Пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозоль және фумигациялық тәсілдермен қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген лицензия негізінде жүзеге асырылады.

19-8-бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) таңбалау жөніндегі талаптар

1. Пестицидтердің (улы химикаттардың) орамын таңбалау мыналарды:
 - 1) телефонның, факстың, телекстің нөмірін және электрондық мекен-жайды қоса, тапсырыс берушінің (жеткізушінің, дайындаушының, дистрибьюторды немесе импортердің) атауы және толық мекен-жайын;
 - 2) пестицидтің (улы химикаттың) атауын және оның қандай мақсатқа арналғанын;
 - 3) пестицидтің (улы химикаттың) атаулы мөлшерін (салмағы мен көлемін);
 - 4) шығару топтамасының нөмірінің белгіленуін;
 - 5) дайындалған (шығарылған) күнін;
 - 6) қауіптілік қасиеттерінің және адамға, қоршаған ортаға және мүлікке әсер ету сыныптарының белгілері (пиктограммалары);
 - 7) өнімді қауіпсіз сақтау, тасу, өткізу, қолдану және кәдеге жарату өнімдегі ұсыныстарды қамтиды.

19-9-бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау осы үшін арнайы арналған экологиялық, құрылыс және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар талаптарына жауап беретін қоймалық үй-жайларда жүзеге асырылуы тиіс.

2. Қоймалар жіберу және тартып алу желдеткіштерімен жабдықталады. Тартып алу желдеткіші құрғақ сүзгіш элементтерімен жабдықталады.

3. Пестицидтерді (улы химикаттарды) қоймада сақтауға тек үй-жайды санитарлық-эпидемиологиялық және өрт қызметі органдары зерттеп болып, пестицидтерді (улы химикаттарды) алу және сақтау құқығына санитарлық паспорт жасағаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

4. Сақталынатын пестицидтердің (улы химикаттардың) мөлшері қойманың жобалық құжаттамасында қарастырылған қойма сыйымдылығынан асып кетпеуі тиіс.

5. Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды әзірлеуді, сондай-ақ көрсетілген талаптарды сақтауға бақылауды мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдары жүзеге асырады.

19-10-бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары.

1. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау қауіпті жүктерді көлік құралдарымен тасу мәселелері туралы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Пестицидтермен (улы химикаттармен) бірге немесе бұрын пестицидтерді (улы химикаттарды) тасу үшін пайдаланылған көлік құралдарымен тамақ өнімдерін, жем-шөп және ауыз су тасуға қатаң тиым салынады.

3. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тасу үшін пайдаланылған көлік алдын ала тазартылмай және көлік құралы залалсыздандырылмай, кейіннен тазарту тиімділігіне зертханалық бақылау жасалмай басқа, тағамдық емес жүктерді тасу үшін пайдаланыла

а л м а й д ы . " ;

23. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2002 ж., N 15, 148-кұжат; 2004 ж., N 23, 142-кұжат; 2005 ж., N 7-8, 23-кұжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 1 - б а п т а :

11)-тармақшасында "тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттар" деген сөздер "тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

22) тармақша мынадай мазмұнда жазылсын:

"22) тұқым сараптамасы - тұқымдардың сұрыптық және егу сапасын, олардың тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттау жөніндегі техникалық регламенттер және нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігін анықтау жөніндегі іс-шаралардың ж и ы н т ы ғ ы ; " ;

23)-тармақшасында "тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттар" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңнамасының және тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар" деген сөздермен ауыстырылсын.

38)-тармақшасында "тұқым шаруашылығы саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың" деген сөздер "тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттау жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының" деген сөздермен ауыстырылсын.

4-бап 14), 15) тармақшасымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"14) тұқым шаруашылығы саласындағы техникалық реттеу саласында қауіпсіздікпен (бұдан әрі - қауіпсіздік) қамтамасыз ету;

15) тұқым шаруашылығы саласындағы қауіпсіздікке қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу.";

3) 5-бап 11) тармақшасымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"11) тұқым шаруашылығы саласында техникалық регламенттерді белгілейді.";

4) 6 - б а п т а :

11-1) тармақшасымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"11-1) Тұқым шаруашылығы саласында техникалық регламенттерді әзірлейді.";

12) және 13) тармақшалар мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"12) техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттау жөніндегі бар мемлекеттік стандарттарды және басқа да нормативтік құжаттарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар е н г і з е д і ;

13) облыстардың (республикалық мәні бар қалалар, астана) жергілікті атқарушы органдарының сұрауы негізінде тұқым сапасының мемлекеттік стандарттарда белгіленген көрсеткіштерін ерекше жағдайларда бір жылдан аспайтын мерзімге төмендетуге

рұқсат

береді;."

5)

13 - бапта :

2-тармақта "мемлекеттік стандарттар мен тұқым шаруашылығы саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңнамасының" деген

сөздермен

ауыстырылсын.

2-1 тармақпен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"2-1. Тұқым шаруашылығы саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін тұқымдар егу (отырғызу) үшін өткізілмеуі және пайдаланылмауы тиіс

"

3 - бапта :

Бірінші абзацта "тізіліміне енгізілмеген" деген сөздерден кейін "генді инженерия негізінде алынған (генетикалық түрлендірілген) тұқым сұрыптарынан басқа" деген

сөздер

толықтырылсын.

1)-тармақша "сондай-ақ мемлекеттік сұрыптарға сынау жүргізуі үшін сұрыпты бір мезгілде беруге (Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттердің уәкілетті органдардың басқа да ұйымдарының ауыл шаруашылығы өсімдік сұрыбын сынауда оң нәтиже алынған жағдайда) шарттаса отырып, өндірістік жағдайларда сынақ жүргізу мақсатында пайдаланылатын болса;" деген сөздермен толықтырылсын.

6)

19 - бапта :

3-тармақ "тұқым топтарын," деген сөздерден кейін "сондай-ақ осы Заңның 13-бабы, 3-тармағында қарастырылған жағдайларда," деген сөздермен толықтырылсын.

5-тармақта "мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттың" деген сөздер " тұқым шаруашылығы саласындағы техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға" деген сөздермен

ауыстырылсын.

7) 23-1) және 23-2) баптармен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

23-1-бап. Тұқымдарды кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша қажетіне қарай пайдалану үшін жарамсыз деп танылған тұқым техникалық регламентпен белгіленген тәртіпте қосымша өңделуі, кәдеге жаратылуы және (немесе) жойылуы керек.

Сараптама жүргізуге және оларды әрі қарай пайдалану мүмкіндігі немесе жою қажеттігі туралы шешім қабылдау үшін қажет кезеңге арналған тұқымдар қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шарттарды сақтай отырып, жеке үй-жайларда сақталуы керек.

2. Қажетіне қарай пайдалануға жарамсыз тұқымдарды тасымалдауға, сақтауға, сараптауға, пайдалануға және жоюға байланысты шыққан шығындарды олардың иесі өтейді.

23-2-бап. Тұқымның қауіпсіздігі мен сапасы туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

Тұқымның қауіпсіздігіне және оның өмірлік циклінің процестеріне қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу мақсатында тұқым өндірушілер сатып алушыларға және/немесе тұтынушыларға тұқымның қауіпсіздігі мен сапасының көрсеткіштері туралы толық және шындыққа сай ақпарат беруге м і н д е т т і . " ;

24. "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2003 ж., N 3, 16-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қ а ң т а р д а ғы 3 а ң ы) :

1) 1 - б а п т а :

11) тармақтағы "тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік стандарттар және өзге де нормативтік құжаттар" сөздері "техникалық регламенттер талаптарына және тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға" с ө з д е р і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"22) тұқым сараптамасы - тұқымдардың сорттық және егу сапасын анықтау жөніндегі і с - ш а р а л а р д ы ң ж и ы н т ы ғы ;";

23) тармақшасындағы "тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттар" сөздері "Қазақстан Республикасы заңнамасының және тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар" с ө з д е р і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

38) тармақшасындағы "тұқым шаруашылығы саласындағы өзге де мемлекеттік стандарттар мен нормативтік құжаттардың" сөздері "тұқым шаруашылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының" сөздерімен ауыстырылсын;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 14), 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) тұқым шаруашылығы саласындағы техникалық реттеу саласында қауіпсіздікпен (бұдан әрі - қауіпсіздік) қамтамасыз ету;

15) тұқым шаруашылығы саласындағы қауіпсіздікке қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу".

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) тұқым шаруашылығы саласында техникалық регламенттерді бекітеді";

4) 6 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен:

"11-1) тұқым шаруашылығы саласында техникалық регламенттерді әзірлейді;"

1 2) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"стандарттау, метрология және сертификаттау" деген сөздер "техникалық реттеу және метрология" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тұқым шаруашылығы саласында техникалық талаптар мен басқа да нормативтік құжаттарды" сөздері "мемлекеттік стандарттарды және басқа да нормативтік құжаттарды" сөздерімен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"13) облыстардың (республикалық мәні бар қалалар, астана) жергілікті атқарушы органдарының сұрауы негізінде тұқым сапасының мемлекеттік стандарттарда белгіленген көрсеткіштерін ерекше жағдайларда бір жылдан аспайтын мерзімге төмендетуге рұқсат береді;"

5) 1 3 - б а п т а :

2-тармақтағы "мемлекеттік стандарттар мен тұқым шаруашылығы саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың" сөздері "Қазақстан Республикасы заңнамасының" сөздерімен ауыстырылсын;

Мынадай мазмұндағы 2-1 тармағымен толықтырылсын:

"2-1. Тұқым шаруашылығы саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін тұқымдар егу (отырғызу) үшін өткізілмеуі және пайдаланылмауы тиіс ."

6) 19-баптың 5-тармағындағы:

"мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттың талаптарына" деген сөздер "стандарттау жөніндегі техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) Мынадай мазмұндағы 23-1, 23-2 баптарымен толықтырылсын:

"23-1-бап. Тұқымдарды кәдеге жарату және жою кезіндегі жалпы қауіпсіздік талаптары.

1. Зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша қажетіне қарай пайдалану үшін жарамсыз деп танылған тұқым техникалық регламенттерде белгіленген тәртіппен қосымша өңделуі, кәдеге жаратылуы және (немесе) жойылуы керек.

Сараптама жүргізуге және оларды пайдалану мүмкіндігі немесе жою қажеттігі туралы шешім қабылдау үшін қажет кезеңге арналған тұқымдар қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шарттарды сақтай отырып, жеке үй-жайларда сақталуы керек.

2. Қажетіне қарай пайдалануға жарамсыз тұқымдарды тасымалдауға, сақтауға, сараптауға, пайдалануға және жоюға байланысты шыққан шығындарды олардың иесі немесе тұқымдардың бұзылуына жол берген тұлға өтейді.

23-2-бап. Тұқымның қауіпсіздігі мен сапасы туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

Тұқымның қауіпсіздігіне және оның өмірлік циклі процестеріне қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу мақсатында тұқым өндірушілер сатып алушыларға және/немесе тұтынушыларға тұқымның қауіпсіздігі мен сапасының көрсеткіштері туралы толық және шындыққа сай ақпарат беруге м і н д е т т і . " ;

25. "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы N 430-II Заңына (Қазақстан Республикасы Парламент Жаршылары, 2003 жыл, N 11, 70-құжат; N 23, 142-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 1-бапты 10-1) абзацпен мынадай мазмұнда толтырылып жазылсын:

"10-1) денсаулық сақтау стандарты - ұйымды регламенттеуші және медициналық және дәрігерлік қызмет жүзеге асырушы құжат;"

2) 5 - б а п т а :

5) "дәрілік заттармен" сөздердің алдында "қауіпсіз" деген сөз толықтырылсын.;"

6) тармақшасында "медициналық стандарттар бойынша" деген сөздердің орнына " денсаулық сақтау стандарттар бойынша" сөздер жазылсын.;"

3) 6 - б а п т а :

7) тармақшасында "сертификаттау және стандарттау" деген сөздердің орнына " сәйкестікті растау" деген сөздер жазылсын.;"

10) тармақшамен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"10) денсаулық сақтау саласында техникалық регламенттерді бекітеді.;"

4) 7 - б а п т а :

7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) денсаулық сақтау стандарт бекітеді;"

1 6) т а р м а қ ш а с ы н д а :

"мен сапасына," деген сөздің орнына "қауіпсіздігі" деген сөз жазылсын;

"мен сапасына" деген сөз алынып тасталсын;

29) тармақшасы мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"29) денсаулық сақтау саласында техникалық регламенттерді әзірлейді.;"

5) 12, 13-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Денсаулық сақтау саласында сәйкестікті растау

1. Денсаулық сақтау саласындағы өнімдерді, процестерді, қызмет көрсетудің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіппен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Шетел мемлекетпен берілген сәйкестікті растау саласындағы құжаттар Қазақстан Республикасының Заңнамасымен сәйкес танылады.

13-бап. Денсаулық сақтау стандарттары

1. Денсаулық сақтау стандарттары Қазақстан Республикасы Заңымен сәйкес уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

2. Денсаулық сақтау стандарттары денсаулық сақтау субъектілері үшін міндетті болады.

3. Денсаулық сақтау стандарттарының сақталуына бақылауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Денсаулық сақтау стандарттары стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға жатпайды, оларды реттеу техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырылады.

б) 44-бап, 2 тармағы 3) тармақшасында "сертификаттау" деген сөз "сәйкестігін растау" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2003 ж., N 15 , 134-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 7-бап, 1-тармағының 2) тармақшасындағы "тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде нормативтік құқықтық актілердің" деген сөздер "техникалық регламенттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 1-тармағындағы "сертификаттау" деген сөз "техникалық реттеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 12 - бапта :

8) тармақша алынып тасталсын;

10), 11) тармақшалармен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"10) автокөлік құралдарын техникалық пайдалану Ережелерін бекітеді;

11) автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді.";

4) 13 - бапта :

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;"

13), 14), 16) тармақшалары алынып тасталсын;

5) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Сәйкестікті растау

1. Автомобиль көлігі саласында автокөлік құралдарын, автокөлікке арналған жабдықтарды, олардың өмірлік цикл процестерінің сәйкестігін растау Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шет мемлекет берген сәйкестікті растау саласындағы құжат Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жарамды деп табылады.";

6) 2-2 тараумен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"2-2 тарау. Автомобиль көлігі саласындағы техникалық реттеу объектілеріне қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары

19-12-бап. Жалпы ережелер

1. Автомобиль көлігі саласындағы техникалық реттеу объектілері:

1) автобустар;

2) микроавтобустар;

3) жеңіл көліктер;

4) жүк тасығыш автомобильдер;

5) автомобиль тіркемелері;

6) ерлі тартқыштарға жартылай тіркемелер;

7) мамандандырылған автомобильдер (жүктің нақты түрлерін тасымалдауға арналған);

8) арнайы автомобильдер (түрлі көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған).

9) автомобиль көлігін жобалау;

10) автомобиль көлігін өндіру (жөндеу);

11) автомобиль көлігін тасымалдау және сақтау;

12) автомобиль көлігін пайдалану және жою.

2. Автокөлік құралдары адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне зиян келтірсе немесе орнату, қызмет көрсету және пайдалану шарттарындағы қызметі мен қауіпсіздігіне қатысты тұтынушыларды жаңылыстырған жағдайда рынокта өткізіліп және қолданылмауы тиіс.

3. Қазақстан Республикасы рыногында сәйкестікті растауға жататын автомобиль көліктерін орналастыратын тұлға өзінің талаптарының осы заңға сәйкестігін және автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламеттерді растау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

4. Қазақстан Республикасы рыногында автомобиль көліктерін орналастырушы тұлға:

1) мемлекеттік және орыс тілдерінде пайдалану құжаттамасын және тұтынушының мүмкін қауіп-қатерді бағалауға және олармен сәйкес қауіпсіздік шараларын қабылдауға қажетті басқа да ақпараттарды ұсынуға;

2) автомобиль көлігін сату кезінде іріктеу бақылауын жүргізу, тұтынушылардың шағымдарын тексеруге;

3) адам өмірі мен денсаулығына автомобиль көлігінің зияны тию қаупі бар болса, пайдаланушыны уақытында және тиімді ескерту мүмкіндігімен қамтамасыз етуге, сондай-ақ автомобиль көлігін қайтаруға дейін баратын іс-шаралар жүргізуге;

4) таратылып қойған автомобиль көлігі қауіпсіздігінің талаптарын бұзу және оларды шеттету бойынша қабылданған іс-шаралар туралы сәйкес мемлекеттік басқару органдарын кідірусіз ақпараттандыруға;

5) дайындаушыдан, уәкілетті өкілден, импортердан, пайдаланушыдан немесе мемлекеттік басқару органдарынан автомобиль көлігінің осы заңда белгіленген талаптарға және автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес келмеуі туралы ақпарат бар болса, автомобиль көлігін өткізбеуге міндетті.

5. Автомобиль көлігінде қажетті алдын алушы жазулар немесе қауіптілік белгілері және қауіпсіз пайдалану шарттары болуы тиіс.

6. Пайдалану құжаттамасындағы қауіпсіздік талаптары осы заңмен және автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламентпен белгіленген талаптардан төмен болмауы керек.

19-13-бап. Автокөлік құралдарын жобалаудағы қауіпсіздік талаптары

1. Автокөлік құралдарын жобалауда өмірлік айналымның барлық сатысындағы мүмкін қауіптіліктер теңестірілуі қажет, оның ішінде бірқалыпты пайдалануда, төтенше жағдайларда (бас тарту және сыртқы әсер), персоналдың қателігінде және пайдаланудың мүмкін еместігінде.

2. Пайдалану (қолдану) және төлқұжат (формуляр) бойынша басшылықтың (нұсқама) әзірлеуі автокөлік құралдарын жобалаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

19-14-бап. Автокөлік құралдарын өндірудегі қауіпсіздік талаптары

1. Өндіруде автокөлік құралдарын дайындаудың осы заңның автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттеріне, жобалық құжаттама талаптарына және Қазақстан Республикасы заң актілеріне сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

2. Автокөлік құралдарын өндіруде дайындаушы жобалық құжаттамамен анықталған қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жинағын орындауға және қауіпсіздікке байланысты барлық технологиялық операцияларды орындауға бақылау мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті.

3. Егер процессте немесе автокөлік құралдарын дайындаудан кейін қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін сынақтар жүргізу қажет болса, онда олар жобалық құжаттаманың барлық талаптарын орындаумен толық көлемде жүргізілуі тиіс.

6. Автокөлік құралдарын өндіру кезінде жобалық құжаттамадан бас тарту жобалаушымен келісіледі және автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген мүмкіндік шегінен аспауы тиіс.

19-15 бап. Автокөлік құралдарын тасымалдау және сақтау қауіпсіздігінің талаптары

1. Тасымалдау және сақтау процесіндегі автокөлік құралдарын сақтауды қамтамасыз етуге қойылатын барлық қажетті талаптар, олардың қауіпсіздігін келісетін

техникалық сипаттамаларды сақтау, оның ішінде қорғау, тасымалдау және сақтау шарттарына талаптар, белгіленген сақтау мерзімі, жағдайын куәландыру мерзімі бойынша нұсқаулар, жеке элементтерді, бөлшектерді, мерзімі аяқталған тораптарды ауыстыру автокөлік құралдарының техникалық құжатында ескертілуі қажет.

2. Автокөлік құралдарын, олардың тораптары мен бөлшектерін тасымалдау және сақтау жобалаушымен және Қазақстан Республикасы заңдарымен алды алынған қауіпсіздік бойынша барлық талаптар ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Қорғау үшін қолданылатын материалдар мен заттар қауіпсіз болуы тиіс.

19-16 бап. Автокөлік құралдарын пайдалану және жоюдағы қауіпсіздік талаптары

Заңды және жеке тұлғалар автокөлік құралдарын пайдалану және жоюды қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, келесі талаптарды қадағалауды ескере отырып жүргізеді:

1) автокөлік құралдарын пайдалану аяқталғаннан соң оларды пайдаланудың мүмкін еместігінің алдын алу үшін шаралар қолдану қажет;

2) пайдалану және жою процесінде улы заттармен, радиоактивті аэрозольдармен ластанған автокөлік құралдары, зиянды заттарды қолдануға, улы, физика-химиялық қасиеттеріне байланысты арнайы ерітінділермен (әдістермен) залалсыздандыру бойынша міндетті өңдеуден өтуі тиіс;

3) автокөлік құралдарын пайдалану және жоюдың барлық кезеңін өткізген персоналдың қажетті біліктілігі болуы, сәйкес оқудан өтуі және еңбек қауіпсіздігінің барлық талаптарын қадағалауы тиіс."

27. "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2004 ж., N 3-4, 17-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 1 - б а п т а :

1) тармақшасындағы "еңбек жағдайлары нормативтеріне" деген сөздер "еңбектің қауіпсіз жағдайларына" деген сөздермен ауыстырылсын.

3) тармақшадағы "қауіпсіздік нормаларынан" деген сөздердің алдына "нормативтік құқықтық актілерде белгіленген қауіпсіздік нормаларынан" деген сөздермен толықтырылсын.

12) тармақшасы алынып тасталсын.

2) 5-баптың 1) тармақшасындағы ", мемлекеттік стандарттарды, ережелерді, нормаларды" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 7-баптың 1-тармағындағы "сақтауға бағытталған" деген сөздерден кейін "

қауіпсіздік талаптарынан," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 8-бап мынадай мазмұндағы б) тармақшасымен толықтырылсын:

"б) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында техникалық регламенттерді б е к і т е д і . " ;

5) 9 - б а п т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

5) Жұмыс берушінің қаржысы есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тамақтандыру рациондарын, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа жеке қорғау құралдарын беру нормаларын әзірлейді және бекітеді;"

Мынадай мазмұндағы 13) тармақшасымен толықтырылсын:

"13) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді.";

б) 10-баптың 7) тармақшасындағы "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормативтерін" деген сөздер "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын" деген сөздермен ауыстырылсын.

7) 14-баптың 1-тармағындағы "жөніндегі мемлекеттік стандарттар, ережелер" деген сөздер "еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген" сөздерімен ауыстырылсын;

8) 19-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қызметкерлерден еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын және жұмыс берушілер бекіткен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын сақтауды талап етуге;"

9) 20-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "ережелер мен нормативтердің" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерде белгіленген" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

10) 22 - б а п а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

11) Мынадай мазмұндағы 22-1-бабымен толықтырылсын:

"22-1-бап. Жұмыс орындарының қауіпсіздік талаптары

1. Жұмыс орындары орналастырылған ғимараттар (құрылыстар) өзінің құрылысы бойынша қызметтік қажеттілігіне және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2. Жұмыс жабдығы жабдықтың осы түріне арналып белгіленген қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуі, оның сәйкесті сақтандыру белгілері болуы және жұмыс орындарындағы қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қоршаулармен немесе қорғаушы құрылғылармен қамтамасыз етілуі тиіс.

3. Апаттық жолдар және қызметкерлердің үй-жайдан шығу жолдары бос болуы және ашық ауаға немесе қауіпсіз аймаққа шығаруы тиіс.

4. Жұмыс сипаты түрінен қызметкердің өмірі мен денсаулығы үшін қауіп тудыратын жұмыс орындары қауіп-қатер деңгейін ескере отырып, оларға бөгде

адамдар кіре алмайтын қоршау (шектеу) құрылғыларымен анық белгіленуі және жа б ды қ т а л у ы т и і с .

Ұйым аумағы ішінде жаяу жүргіншілер мен технологиялық көлік құралдары қауіпсіз жағдайларда қозғалуы тиіс.

5. Қызметкерлердің қауіпті өндірістік объектілерде (телімдерде), соның ішінде биіктікте, жерасты жағдайларында, ашық камераларда, теңіздердің қайрандарында және ішкі су қоймаларында жұмыс істеулері үшін жеке қорғану құралдары болуы тиіс.

6. Жұмыс уақыты аралығында температура, табиғи және жасанды жарықтандыру, сондай-ақ жұмыс орындары орналасқан үй-жайлардағы желдеткіш қауіпсіз еңбек ш а р т т а р ы н а с ә й к е с к е л у і т и і с .

7. Жұмыскерлер зиянды (шаң-тозандалған, газдалған және басқа факторлар) еңбек жағдайлары бар жұмысқа жұмыс беруші қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз е т к е н н е н к е й і н ж і б е р і л е д і .

8. Жұмыс орындары орналасқан жерлердегі шуыл мен діріл деңгейі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келуі тиіс.

9. Қызметкерлерге, егер бұны еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы шарттары талап етсе , еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес демалыс бөлмесі немесе тиісті демалыс аймағы берілуі тиіс.";

1 2) 2 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"Мемлекеттік стандарттардың еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормалардың, санитарлық, құрылыс ережелері мен нормаларының" деген сөздер "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2-тармақта "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына, сондай-ақ санитарлық және құрылыс ережелері мен нормаларының" деген сөздер "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

5-тармақ 2) тармақшасында "гигиеналық нормативтерге" деген сөздер "нормаларға" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

13) 23-1 бапты мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"23-1-бап. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздік талаптары

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздік талаптары адам өмірі мен денсаулығы үшін өнімнің өмірлік циклінің процестері қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осы Заңның талаптарына сәйкес техникалық регламенттермен белгіленеді."

28. "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі N 567 Заңына (2004 ж., N 14, 81-құжат); 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және

2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 5-баптың 6) тармақшасы "байланыстың" деген сөзден кейін "қауіпсіздігін" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"14-1) байланыс саласында техникалық регламенттерді бекіту";

3) 8-баптың 1-тармағындағы:

1) тармақшасындағы "стандарттау, метрология және сертификаттау" сөздері "техникалық реттеу және метрология" сөздерімен ауыстырылсын;

Мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"19-1) байланыс саласында техникалық регламенттерді әзірлеу";

4) 9-баптың 1)-тармақшасындағы "мемлекеттік стандарттарды, пайдалану ережелерін және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарды" деген сөздер алынып тасталсын;

5) 1-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Радиоэлектрондық құралдардан және жоғары жиілікті құрылғылардан пайда болған индустриалды бөгеуілдер деңгейі байланыс саласындағы стандарттау жөніндегі техникалық регламенттер мен радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың осы түрлеріне арналған нормативтік құжаттар белгілеген нормалардан артпауы тиіс.

Радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың индустриалды бөгеуілдерден сыртқы бөгелуден қорғанушылық байланыс саласындағы техникалық регламенттер мен радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың осы түрлеріне арналған нормативтік құжаттар белгілеген нормалардан төмен болмауы тиіс."

6) 12-баптың 7-тармағының 2) тармақшасындағы "және ұлттық стандарттарға" сөздері алынып тасталсын;

7) 6-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Техникалық байланыс құралдарының сәйкестігін растау";

бірінші бөліктегі "міндетті сертификатталуға" сөздері "сәйкестігі расталуға" сөздеріне ауыстырылсын;

екінші бөлік алынып тасталсын.

29. "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі N 574 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2004 ж., N 15, 88-құжат, 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы):

1) 1 б а п т а :

13-2) тармақшамен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"13-2) куәландыру - кемең арналуы мен класының расталуын есепке ала отырып, оның суда жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кемемен жүзу Регистрінің техникалық регламенттермен және ережелерімен белгіленген талаптарға сәйкес кемең техникалық жай-күйін анықтау мақсатында кемеңі тексеру;

24-1) техникалық қадағалау - сауда мақсатында теңізде жүзу және ішкі су көлігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын қадағалауды кезеңімен тексеру кіретін кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жіктеу іс-әрекетінің құрамды бөлігі;"

2) 6-бап 1-1) тармақшамен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-1) ішкі су көлігінің, адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін оның өмірлік айналымы процессінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;"

3) 7-баптың 1-тармағындағы "қызмет түрі" сөздерінен кейін ", техникалық реттеу" сөздерімен толықтырылсын;

4) 8-бап 15-1) тармақшамен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"15-1) ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;"

5) 9-бап, 1-тармағы 27-1) тармақшамен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"27-1) ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;"

6) 14 бап 2 тармақтағы "мемлекеттік стандарттарды" деген сөздер "ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1 5 б а п т а :

1 тармақ 1) тармақшадағы "кеме қатынасы қауіпсіздігін, оның ішінде экологиялық және өрт қауіпсіздігі" деген сөздер "ішкі су көлігі саласындағы қауіпсіздігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"7. Кеме жасау өнімдерін шығару және кемелерді жөндеу бойынша қызметін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларда кеме қатынасы Тізімімен берілетін сәйкестік құжаты болуы тиіс.;"

8) 15-1, 15-2, 15-3 және 15-4 баптармен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"15-1 бап. Ішкі су көлігі саласындағы техникалық реттеу

1. Ішкі су көлігі саласындағы қызметті іске асыратын заңды және жеке тұлғалар адам өмірі мен денсаулығын, жолаушылар жол кірісін, сондай-ақ кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарын қадағалау үшін қауіпсіз шарттармен қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кеме қатынасының қауіпсіздігі адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға, тасымалдау процесіне қатысушылардың ішкі су көлігі саласындағы

авариясыз жұмыстар шарттарын құруға, кеме қатынасы жағдайындағы ішкі су жолдары мазмұнына, кемелер, порттар, жағалау объектілері және ішкі су жолдары құрылыстарында, сонымен қатар кемелердегі авариялардың алдын алуға бағытталған ұйымдастырушы және техникалық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі. Ішкі су көлігі саласындағы техникалық реттеу объектілері болып:

1) ішкі суда жүзу кемелері, порттар, жағалау объектілері және ішкі су жолдарындағы құрылыстар;

2) ішкі су көлігі кемелерін, порттарды, жағалау объектілері мен құрылыстарын ішкі су жолдарында өндіру (салу, жөндеу, модернизациялау);

3) ішкі су көлігі кемелерін, порттарды, жағалау объектілері мен құрылыстарын ішкі су жолдарында пайдалану;

4) ішкі су көлігі кемелерін сақтау;

5) ішкі су көлігі кемелерін тасымалдау және буксирлеу;

6) ішкі су көлігі кемелерін пайдалану және жою.

15-2-бап. Ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігі кемелері, порттар, жағалау объектілері мен құрылыстарына қойылатын қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Жіберуші (жүкті жіберуші), алушы (жүкті алушы), қауіпті жүктерді жіберуші және алушы, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдаушы тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті, авариялық жағдайлар мен оның зардаптарын жою үшін қажетті қаражаты және мобильді бөлімшелері болуы тиіс (сонымен қатар шарт бойынша).

2. Қауіпті жүктерді тасымалдау процесінде авариялық жағдайлар туындағанда жіберуші (жүкті жіберуші), алушы (жүкті алушы), қауіпті жүктерді жіберуші мен алушы көрсетілген бөлімшелерді оқиға орнына жіберуге міндетті.

15-3-бап. Ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін, порттар, жағалау объектілері мен құрылыстарды (құрылыс, жөндеу, реконструкциялау) өндіру кезінде қойылатын қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін, порттар, жағалау объектілері мен құрылыстарды (құрылыс, жөндеу, реконструкциялау) өндіру кезінде ішкі су көлігі саласындағы жобалық құжаттамалар мен заңдар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

2. Ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін, порттар, жағалау объектілері мен құрылыстарды (құрылыс, жөндеу реконструкциялау) өндіру кезінде ішкі су көлігі қауіпсіздігінің қауіпсіздігіне байланысты дайындаушы, жобалық құжаттамамен белгіленген қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жинағын орындауға және барлық технологиялық операциялардың орындалуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Егер процестегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін немесе ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін, порттар, жағалау объектілері мен құрылыстарды дайындаудан кейін сынақтар жүргізу қажет болса, онда олар жобалық құжаттаманың барлық талаптарын орындаумен толық көлемде жүргізілуі тиіс.

4. Әр кеме корпустағы номермен ұқсас таңбалануы тиіс, таңбалау көрініп, анық және жуылмайтын болуы керек.

5. Кеме борт сыртына құлау қаупін минимумға келтіріліп және борт сыртында қалған адамдарды құтқаруды қамтамасыз ету жолымен әзірленеді.

6. Рульді негізгі басқару орны айналма шолуды қамтамасыз етуі керек.

7. Кеме пайдалану бойынша басшылықпен жабдықталуы тиіс, онда өрт және су басу қаупіне аса көңіл бөлінуі керек.

15-4-бап. Ішкі су көлігі жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін, порттарды, жағалау объектілері мен құрылыстарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздіктің

жалпы талаптары

1. Кеме қатынасы процесімен байланысты ішкі суда жүзетін кемелер, порттар, жағалау объектілері және ішкі су жолдарындағы құрылыстар жоғары қауіптілік аймағы болып табылады және ішкі су көлігі саласындағы заңдар талабына сай болуы тиіс.

2. Ішкі суда жүзетін кемелерді, порттарды, жағалау объектілерін және ішкі су жолдарындағы құрылыстарды пайдалануды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғалар ішкі су көлігі саласындағы заңдар талаптарын орындауды қамтамасыз етуге тиіс.

31. "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2004 ж., N 17 , 102-құжат; 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы); 2006 жылғы 14 сәуірдегі "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 15 сәуірдегі "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 11 сәуірдегі Заңы:

1) 3 - б а п т а :

1-тармақтың 2)-тармақшасы "электр энергетикасы кешенінің" деген сөздерден кейін ", қауіпсіз" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақтың 1)-тармақшасы "тиімді" деген сөзден кейін ", қауіпсіз" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақтың 5)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) электр энергиясы саласында техникалық реттеу.";

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 5)-тармақшамен толықтырылсын:

"5) электр энергиясы саласында техникалық регламенттерді бекітеді.";

3) 5-бап, 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) электр энергетикасы саласында техникалық регламенттерді әзірлейді";

4) мынадай мазмұндағы 2-1-тараумен толықтырылсын:

"2-1 тарау. Электр энергетикасы саласында қауіпсіздіктің жалпы талаптары

9-1-бап. Жалпы ережелер

1. Электр жабдықтарын, электр және жылу желілерін, қондырғыларды тұтынушылар пайдаланған жағдайда ұйымдастыру іс-шаралары адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуі керек.

2. Техникалық реттеу объектілері электр жабдықтары, электр және жылу желілерінің жабдықтары, электр және жылу энергиясын өндіру, беру және пайдалануға арналған тұтынушы қондырғылары, электр және жылу энергиясы болып табылады.

3. Тұтынушыларда электр энергиясын қабылдау шығыстарында электр энергиясының сапа көрсеткіштері белгіленген нормаларға сәйкес келуі және оларды бағалау тәртібі электр энергиясын жеткізуге арналған шарттарда белгіленуі керек.

Электр энергиясының сапасын бағалау тәртібі электр энергиясын жеткізуге арналған келісім-шартта белгіленеді.

4. Электр энергиясының сапа сипаттамалары:

жұмысшы кернеудің номинальды мәннен ең үлкен ауытқуы; кернеу жиілігінің ауытқуы ;

кернеудің өнеркәсіптік жиілігінен кернеу артуының рұқсат етілетін ұзақтығы болып табылады .

5. Магистралды және тарату құбыржолдарында жылу және ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған жылу энергиясының параметрлері ұсталынатын температура кестесіне, желілік судың қауіпсіз және сапалық сипаттамалар көрсеткіштеріне сәйкесуі керек.

9-2-бап. Электр энергетикасы саласында жабдықтар мен электр қондырғыларын жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Электр желілерін жобалаған және пайдаланған жағдайда осы Заңға және электр энергиясы саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес электр энергиясына белгіленген талаптардың орындалуы қамтамасыз етілуі керек.

2. Электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тұтынуға арналған электр және жылу желілерінің электр станцияларының жабдықтары, тұтынушы қондырғылары электр энергетикасы саласындағы техникалық регламенттермен белгіленген техникалық талаптарға сәйкес келуі тиіс.

9-3-бап. Электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тұтыну жағдайында пайдаланылатын электр жабдықтарына және материалдарға қойылатын қауіпсіздік талаптары

1. Қазақстан Республикасында өндірілетін және оның аумағына әкелінетін электротехникалық жабдық пен материалдар техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкесуі және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда техникалық регламенттерге сәйкестігін растау процедурасынан өтуі керек.

2. Электротехникалық жабдық пен материалдар адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта, оның ішінде өсімдік және жануарлар әлемі үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптарға сәйкесуі керек.

3. Сәйкестігі расталуға жататын электр станциялар, электр және жылу желілерінің жабдықтарын, тұтынушылар қондырғыларын техникалық реттеу саласындағы техникалық регламенттерде қойылатын талаптарға сәйкестігін растау саласындағы құжатсыз пайдалану енгізу рұқсат етілмейді.

4. Электр станцияларының, электр және жылу жабдығы, тұтынушылардың қондырғылары қауіпсіз жағдайды қамтамасыз ететін, техникалық жағынан дұрыс күйде болатын тиіс."

5) 12-бап, 2-тармағында:

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) техникалық регламенттермен белгіленген талаптарға сәйкес электр энергиясының сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;"

5) тармақшада "нормативтік-техникалық құжаттардың" деген сөздер "техникалық регламенттердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

31. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы парламентінің Жаршылары, 2003 ж., N 6, 33-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат):

1) 1-бапта:

б)-тармақшада "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда" деген сөздер техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

12)-тармақшада "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына" деген сөздер "техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласында техникалық реттеу;"

4)-тармақша "мұнай өнімдерінің" деген сөздерден кейін "қауіпсіздігі мен" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-бап мынадай мазмұндағы 9)-тармақшамен толықтырылсын:

"9) мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласындағы техникалық

регламенттерді бекітеді." ;

4) 5-бап мынадай мазмұндағы 13), 14), 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) мұнай өнімдерін өндіру және айналысы саласында адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіру қаупіне талдау жүргізу және бағалау;

14) мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласында техникалық регламенттерді әзірлейді ;

15) мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласында техникалық регламенттермен белгіленген талаптардың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады ." ;

5) 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Стандарттау, метрология және сертификаттау" деген сөздер "Техникалық реттеу және метрология" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада "стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда" деген сөздер "өз құзыреті шегінде, техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласында техникалық реттеу және метрология жөніндегі жұмыстарды басқаруды жүзеге асырады ;"

б) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласындағы техникалық реттеу

1. Мұнай өнімдерін өндіру және мұнай өнімдері айналымы осы Заң және мұнай өнімдерін өндіру және мұнай өнімдері айналымы саласындағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкес адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

2. Мұнай өнімдерін өндіру және мұнай өнімдері айналымы саласында техникалық реттеу объектілері: бензин, дизель отыны, мазут және шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын қайта өңдеу процестері, мұнай өнімдерін компаундау, сондай-ақ мұнай өнімдерінің айналымы болып табылады.

3. Мұнай өнімдерін өндіру және айналымы барысында пайдаланылатын жабдықтар мен техникалық құралдар техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4. Өндірістік аймақ пен үй-жайлардың ауа ортасында мұнай буларының шоғыры мұнай өнімдерін өндіру және мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген шекті рұқсат етілетін нормалардан аспауы тиіс .

5. Мұнай өнімдерін өңдеу, тасымалдау және тарату жөніндегі объектілерді жобалау

және салу кезінде қала құрылысы әрекеті, өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнама талаптары сақталуы және төтенше жағдайлардың туындау қауіптері ескерілуі керек.";

7) 9 - б а п т а :

1-тармақтың 2)-тармақшасында "стандарттау" деген сөз "техникалық регламент" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мұнайды қайта өңдейтін заводтар өндіретін мұнай өнімдері осы Заңмен және мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген нормаларға сәйкес келуі керек.

8) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4)-тармақшамен толықтырылсын:

"4) мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласында техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтау.";

9) 12-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде "көрсетілетін қызметтері сертификатталған" деген сөздер алынып тасталсын;

10) 14-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Мұнай өнімдерін сақтау және тасымалдау құралдарының конструкциясы мен пайдалану шарттары өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкесуі керек."

32. "Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 522-II Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2004 жыл, N 2, 8-құжат; 2003 ж., N 23, 142-құжат); 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы

3 1 қ а ң т а р д а ғ ы 3 а ң ы) :

1) 1 - б а п :

14) және 15) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"14) иммунобиологиялық медициналық препараттар - спецификалық профилактика, диагностика және инфекциялық иммунатерапия, иммундық және басқа да ауруларға арналған препараттар; физиологиялық жағдайының иммунобиологиялық әдістері көмегі кезіндегі диагностикаға арналған, инфекциялық агенттер және сыртқы орта объектілеріндегі антигендер индикацияларына арналған препараттар; қан алған кезде арналған препараттар (оларды алу тәсіліне қарамай);

15) дәрілік заттың сапасы - арналуы бойынша әрекет ету қабілетіне ықпал ететін дәрілік заттың қасиеттері мен сипаттамасы жиынтығы;"

16-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі сыныбы - заттарды пайдаланатын пациенттердің, қызметкерлердің және

өзге де тұлғалардың денсаулығына зиян тигізетін әлеуетті қауіп-қатердің дәрежесіне байланысты белгілі бір сыныптарға енгізілген медициналық техниканың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жиынтығы;" ;

19) тармақшасы бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"19) дәрілік заттар - аурулардың алдын алу, диагностикалау және ауруларды емдеу сондай-ақ ағзасының қалып-жағдайы мен функцияларының өзгеруіне арналған фармакалогиялық белсенді заттарды білдіретін және олардан тұратын құралдар: дәрілік заттар, дәрілік субстанция, табиғи текті дәрілік шикізат, дәрілік ангро- және балк өнімдері, дәрілік препараттар, иммунобиологиялық медициналық препараттары;" ;

20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"20) дәрілік субстанция - дәрілік препараттарды өндіру үшін пайдаланылатын дәрілік заттар ; " ;

21-1), 21-2), 21-3), 21-4), 21-5) және 21-6) тармақшалары мынадай мазмұнда жазылсын :

"21-1) дәрілік заттарды таңбалау - орамға жазылатын мәтін, суреттер және шартты белгілеулер ;

21-2) медициналық техника - аурулардың алдын алу, диагностикалау, ауруларды емдеу, медициналық реабилитациялау, медициналық сипатты ғылыми зерттеулер үшін медициналық мақсатта жеке, жинақтықпен және жүйелермен қолданылатын аппараттар , жабдық, құралдар, құрылғылар, соның ішінде сериялы өндірілген протездер мен импланттанттар ;

21-3) медициналық құралдар мен аппараттар - диагностикалау, емдеу алдын алу реабилитациялау және ғылыми мақсаттармен адам ағзасының жай-күйі туралы ұқсас және/немесе сандық түрдегі ақпарат алуға, жинауға, талдауға және көрсетуге арналған медициналық техника .

21-4) медициналық құрылғылар - мынадай:

- ағзаның белгілі бір атқарымдық жүйесіне немесе мүшесіне (мүшелер тобына) толығымен немесе таңдап ықпал етуге арналған қандай да бір түрінің энергиясын генерациялайтын ;

- адам мүшесі мен тініне механикалық ықпал етуге арналған аспаптарды іске қосатын ;

- ағзаның сол және өзге де функцияларын аурулардың алдын алу, диагностикалау, емдеу, реабилитациялау, сондай-ақ оларды түзету мақсатымен белгілі бір уақыт ішінде өзгертетін немесе қолдайтын медициналық техника ;

21-5) медициналық жабдық - емдеу, диагностикалау және реабилитациялау іс-шараларында, сондай-ақ науқасты күту кезінде пациентке және медициналық қызметкерге қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге арналған медициналық техника ;

21-6) медициналық мақсаттағы бұйымдар - аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу іс-шараларын жүргізу үшін пайдаланылатын бұйымдар мен материалдар :

медициналық құрал-саймандар, стоматологиялық, шығындық, таңу және тігіс материалдары, анықтайтын таңғыштар мен құралдар және көзге салынатын және көру қабілетін түзейтін линзалар, диагностикалық реагенттер;

22-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1) серия нөмірі - өндірістік және бақылау операциялардың серияны спецификалық түрде сәйкестендіруге және толық тізбектілігін анықтауға мүмкіндік беретін сандық, әріптік немесе әріптік-сандық белгілеу";

23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"23) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы және медициналық техника бұйымдарының айналымы - қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттарды, медициналық техника және медициналық арналған заттарды әзірлеушіден және (немесе) өндірушіден тұтынушыға дейін жеткізу процесінде туындайтын мәселелерді жүзеге асыратын қызмет";

34) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"34) дәрілік заттардың жарамдылық мерзімі - уақыты біткеннен кейін дәрілік заттарды қолдануға болмайды;

Мынадай мазмұндағы 34-1) тармағымен толықтырылсын:

"34-1) дәрілік заттарды сақтау мерзімі - дәрілік заттардың сәйкесті сақтау шарттарын сақтаған жағдайда аналитикалық нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келетін уақыт ішіндегі аралық кезең.";

35-1), 35-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"35-1) дәрілік заттардың сауда атауы - дәрілік зат тіркелетін патенттелген атауы;

35-2) дәрілік заттарды буып-түю - дәрілік құралдардың айналымы процесін оларды бұзылу мен жоғалтудан қорғау жолымен, сондай-ақ қоршаған ортаны ластанудан қорғауды қамтамасыз ететін құралдар немесе құралдар жиыны";

40) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"40) фармакопоялық мақала - дәрілік заттарға, оларды сынау көрсеткіштері мен әдістеріне қойылатын жалпы талаптардың жиынтығын белгілейтін құжат";

41-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"41-1) медициналық мақсаттағы мен медициналық техника бұйымдарының тиімділігі - профилактикалық, диагностикалық және/немесе емдік әсерінің жетістігін қамтамасыз ететін сипаттамалар жиынтығы";

2) 4-бап 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) дәрілік заттар айналым саласында техникалық реттеу";

3) 5-бап 10) тармақшасымен мынадай редакцияда жазылсын:

"10) дәрілік заттар айналым саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді.";

4) 6-бап 14), 15) тармақшалармен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"14) Тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын сараптау үшін Қазақстан Республикасы аумағында дәрілік заттар айналымын алып тастау ережесін анықтайды;

15) дәрілік заттар айналымы саласындағы техникалық регламенттер әзірлейді;"

5) 1 3 - б а п т а :

1-тармағында "міндетті сертификаттауға" деген сөздер "сәйкестігін міндетті растауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағында "сертификаттауды" деген сөз "сәйкестігін растауды" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6) 24-бап 1-тармағы мынадай абзацпен жазылсын:

"1. Дәрілік заттар айналымға мемлекеттік орган бекіткен, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған қолдану жөніндегі нұсқаулығымен бірге түсуге тиіс.

Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың мәтінін құру тәртібін уәкілетті орган анықтайды. " ;

7) 27-бап, 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Дәрілік заттарды уақытша сақтау қоймасында техникалық регламенттермен белгіленген дәрілік заттарды сақтауға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін ғимараттар, алаңдар, арнайы жабдықтар, жиһаздар, инвентарь, өртке қарсы жабдық, құралдар болуы, сондай-ақ уәкілетті органның берген рұқсаты болуы тиіс.;"

8) 31-бапта "Қазақстан Республикасының аумағында" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңнама талаптарымен сәйкес келмейтін," деген сөздермен ауыстырылсын ;

9) 5-1-тарауы мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"5-1-тарауы. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға қойылатын қауіпсіздіктің жалпы талаптары

32-1-бабы. Медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу қайта тіркеу және олардың тіркеу досьесіне өзгерістер енгізу

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден, қайта тіркеуден өтпеген медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды, мемлекеттік тіркеу кезінде сараптау жұмыстарын жүргізуге арналғандарынан басқасын айналымға салуға тиым салынады.

32-2-бап. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналымына тыйым салу немесе тоқтату

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган мынадай себептердің негізінде:

1) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар дәрілік заттар айналымы саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес келмесе;

2) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдану процесінде оларды қолдану қауіпсіздігіне ықпал ете алатын конструкциясының, жұмыс істеу механизмінің ақауы, өндірістік орындау анықталса;

3) оларды пайдаланудың пациент өміріне және денсаулығына зиян тигізу мүмкіндігі немесе тиімсіздігі туралы алынған деректерді зерттеу, талдау және бағалау негізінде;

4) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдану қауіпсіздігіне ықпал ете алатын, өндірістің бекітілген технологиялық процесін бұзу анықталса, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналымына тыйым сала немесе тоқтата алады.

32-3-бап. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігін жіктеу және қайта жіктеу

1. Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар әлеуетті қауіп-қатер, бұйымды пайдаланатын пациенттердің, қызметкерлердің және өзге де тұлғалардың денсаулығына зиян келтіру дәрежесіне қарай қауіпсіздік сыныптарына бөлінеді.

Қауіпсіздік сыныптарының әрқайсысы мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың топтары мен типтерін қамтиды.

2. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігін жіктеу ережесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган әзірлейді.

3. Өндіруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздік сыныбына жатқызылуын жеке өзі анықтайды.

4. Егер тіркелген медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздік сыныбын қайта анықтауға негіз туындаса, өндіруші мемлекеттік тіркеуден кейін кемі екі жыл өткен соң қайта жіктеу процедурасын жүргізуге құқығы бар.

5. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар жұмыстарының негізіне тиісті принциптері, құбылыстары, медициналық әдістемелерінің бөлшектік есептеріне негізделген бұйымдарды жіктеудің қосымша түрін енгізе алады.

32-4-бап. Диагностика немесе емдеу жүргізуге арналған медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіруге қойылатын талаптар

Диагностика немесе емдеу жүргізуге арналған медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі, олардың функциональдық тағайындалуына сәйкес оларды пайдалану қарастырылуы және алынған диагностикалауда және емдеуде алынған нәтижелердің интерпретация кезіндегі пайдаланушылардың қателесу қауіп-қатерін болдырмауы тиіс.

Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар техникалық регламенттер және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес келуі тиіс.

32-5-бап. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар туралы ақпарат

1. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар олардың қауіпсіздігі мен сапасы туралы ақпараты бар медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі (медициналық техниканы пайдалану жөніндегі басшылық) нұсқаулықпен үйлестірілуі тиіс.

Медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты (медициналық техниканы пайдалану жөніндегі басшылық) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдар бекіткен талаптарға сәйкес әзірлеуші жасайды.

2. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды таңбалау Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

34. "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы N 603-ІІ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 2004 ж., N 21, 124-құжат); 2006 жылғы 15 ақпандағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпандағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы) :

1) Заңның барлық мәтіні бойынша "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілермен", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілері", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық акт", "техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер" деген сөздерді "техникалық регламенттермен", "техникалық регламенттер", "техникалық регламенттерді", "техникалық регламенттерге", "техникалық регламенттерден", "техникалық регламент", "техникалық регламентте" сөздерімен ауыстырылсын;

2) 1-бапта "ресми мойындайды" деген сөздерінен кейін "құзыреті мен" деген сөздермен толықтырылсын.

18) тармағындағы "көрсетілетін қызметтің" деген сөздер алынып тасталсын; "инспекциялық тексеру" деген сөздер "инспекциялық бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын.

23) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"23) техникалық регламент - өнімге, және/немесе процестерге олардың өмірлік циклінің процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасы Техникалық реттеу туралы заңнамасында қарастырылған мақсатта әзірленетін және қолданылатын нормативтік құқықтық акт;"

11-1) және 23-1) тармақшасымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"11-1) сәйкестікті растау саласындағы құжат - Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген

органмен берілген сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік декларациясы;"

23-1) сәйкестікті бағалау - өнімге, процеске, тұлғаға немесе органға берілген талаптарды орындау дәлелдемесі;"

25) және 26) тармақтарында ", көрсетілетін қызметтің" сөздері алынып тасталсын;

3) 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

5) тармақшадағы "бәсекелестікке жарамдылық" сөздері "отандық" деген сөзбен толықтырылсын ;

6) тармақшасы мынадай мазмұнда жазылсын:

"6) табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу болып табылады.";

4) 6 - б а п т а :

7) тармақшасы "көрсетілетін қызметтің" деген сөздер алынып тасталсын;

8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

8-1) тармақшасы мынадай мазмұнда толықтырылсын:

8-1) техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және жою тәртібін белгілейді."

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) аккредиттеу жөніндегі органды анықтау және сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және зертханаларды аккредиттеу тәртібін белгілеу және аккредиттеу саласындағы қызмет көрсететін заңды тұлғаларды есептік тіркеу жүргізуді;"

5) 7 - б а п т а :

13) тармақшада "көрсетілетін қызметтің" сөзі алынып тасталсын;

ү ш і н ш і б ө л і г і н д е :

3) тармақшасында "ережелері" деген сөз алынып тасталсын;

5) тармақшасында "мен бағдарламаларын" деген сөздер алынып тасталсын;

т ө р т і н ш і б ө л і г і н д е :

1) тармақша мынадай мазмұнда жазылсын:

"сәйкестікті растау ережелерін белгілейді";

2) тармақшадағы "аккредиттеу" деген сөз "аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды" деген сөздермен ауыстырылсын.

6) 8-бап 8) тармақшасы "көрсетілетін қызмет" деген сөздер алынып тасталсын;

7) 1 2 - б а п т а :

1-тармағының бірінші бөлігінде:

"мемлекеттік органдардан" деген сөздер алынып тасталсын;

"(немесе)" деген сөзді "Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайда" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшасындағы "көрсетілетін қызметке" деген сөздер алынып тасталсын;

8) 13-бап, 2-тармағындағы "қайтарып алынуына," деген сөздер алынып тасталсын;

9) 14-бап, 2-тармағындағы "көрсетілетін қызметті" деген сөздер алынып тасталсын;

10) 17-бап 9 және 10-тармақтарымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"9. Осы баптың 8-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша техникалық регламенттер Қазақстан Республикасының Үкіметі актілерімен бекітіледі.

10. Егер өнімді өндіру кезінде үйлестірілген стандарттар пайдаланылса, техникалық регламенттер талаптары орындалды деп есептеледі.

Өнімді өндіру кезінде белгіленген техникалық регламенттер талаптары мен нормаларының орындалуын қамтамасыз ететін жағдайда басқа стандарттарды пайдалана алады, олардың қолданылуы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

11) 18-бап 7-тармағымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"7. Өнімнің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптары тек техникалық регламенттерде белгіленеді.".

1 2) 1 9 - б а п т а :

3 - т а р м а ғ ы н д а :

"бағдарламасының жобасын жасап, бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады" деген сөздер "жоспарын жасайды және бекітеді" деген сөздерімен ауыстырылсын ;

"бекітілген бағдарламасы" деген сөздер "бекітілген жоспары" сөздерімен ауыстырылсын ;

екінші бөлікті мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"Техникалық регламентті әзірлеу жоспарында қарастырылмаған техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту рұқсат етілмейді";

6 тармағы екінші бөлігі алынып тасталсын;

1 3) 2 0 - б а п т а :

"нормативтік" сөзінің алдындағы бірінші сөйлем "1." санмен толықтырылсын; 2-тармағымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың ресми басылымының таратылуы тек уәкілетті орган немесе олар уәкілеттеген ведомствоға қарасты кәсіпорын жүзеге асырады.";

14) 23-бап 1-тармағы төртінші бөлігімен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"Егер ұйымдар стандарттар белгіленген техникалық регламенттер талаптарына өнімнің сәйкестігін растайтын дәлелді негіз ретінде пайдаланылатын жағдайда, олар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен әзірленеді, келісіледі, бекітіледі және тіркеледі." ;

15) 26-бапты 6-тармағымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"6. Сәйкестікті растау саласындағы шетел үлгісіндегі құжаттарды беретін шетел және халықаралық ұйымдар уәкілетті органмен бекітілген тәртіппен есептік тіркеуде ж а т а д ы . " ;

16) 31-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

17) 32-бап, 2-тармағы бірінші бөлігіндегі "өнімді" деген сөзден кейін "әкелуге және"

деген сөздер толықтырылсын.

18) 34-бап 1-тармағының екінші бөлігіндегі "көрсетілетін қызметтің" деген сөздер алынып тасталсын;

19) 36-бап, екінші абзацында "Уәкілетті орган" деген сөздер "Аккредиттеу жөніндегі орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

20) 40-бап, 2-тармағы бірінші бөлігі "және бас мемлекеттік инспекторлар орынбасарларына" деген сөздермен толықтырылсын.

21) 45 - бапта :

1-тармағының 1) тармақшасындағы "көрсетілетін қызметтің" деген сөздер алынып тасталсын ;

2-тармағындағы "көрсетілетін қызметтің" деген сөздер алынып тасталсын;

22) 46-бап, 1-тармағы үшінші бөлігіндегі "көрсетілетін қызметтің" деген сөздер алынып тасталсын;

2-бап. Өтпелі ережелер

Адамның өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауға өнім және оның өмірлік цикл процестеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілейтін тиісті техникалық регламенттер және олармен үйлестірілген стандарттарды қолданысқа енгізілгенге дейін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде өзге де нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Техникалық регламенттер және олармен үйлестірілген стандарттардың қолданысқа енгізілуіне қарай Заңға тәуелді қолданылып жүрген, оларды қайталайтын немесе оларға сәйкес келмейтін нормативтік құқықтық актілер және өзге де нормативтік актілердің күші жойылуға тиіс.

3-бап. Осы Заң ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасының
2006 жылғы " __ " _____

N ____ Заңына қосымша

Қазақстан Республикасының
2002 жылғы 3 сәуірдегі

N 314-II Заңына қосымша

Олардың өнеркәсіптік объектіде болуы декларациялау үшін негіз болып табылатын қауіпті заттардың шекті сандары

Қауіпті зат атауы	Қауіпті заттың шекті саны (т)
Аммиак	10
Аммоний нитраты (амоний нитраты немесе олардың құрамында салмағы бойынша аммоний нитратынан азоттың болуы 28% артық болатын аммоний коспалары,	1250

сондай-ақ аммоний нитратының шоғыры салмағының 90% асатын аммоний нитратының сулы ерітінділері)	
Тыңайтқыш түріндегі аммоний нитраты (аммоний нитраты негізіндегі қарапайым тыңайтқыштар, сондай-ақ олардың құрамында аммоний нитратының болуы салмағынан 28% артық болатын күрделі тыңайтқыштар (күрделі тыңайтқыштарда аммоний нитраты фосфатпен және (немесе) калиймен бірге келеді))	5000
Акрилонитрил	200
Хлор	10
Этилен оксиді	50
Цианидті сутек	20
Фтор сутегі	50
Күкірт сутегі	50
Күкірт диоксиді	200
Күкірт үшөксиді	75
Қорғасын алкилдері	50
Фосген	0,75
Метилизоцианат	0,15
Хлорпикрин	0,55
Бромметил	15
Металлилхлорид	20
Тұз қышқылы	40
Азот қышқылы	25
Тұтанғыш заттар	200
Тауар-шикізат қоймаларында және базаларында бар жанғыш заттар	2500
Технологиялық процесте пайдаланылатын немесе магистралды құбыржол бойынша тасымалданатын жанғыш заттар сұйықтықтар	200
Тотыққыш заттар	200
Жарылғыш заттар	25
Уытты заттар	200
Уыттылығы жоғары заттар	20
Қоршаған табиғи орта үшін қауіп тудыратын заттар	200

Егер қауіпті өндірістік объектілер арасындағы қашықтық 500 метрден кем болса, қауіпті заттың жиынтық саны есептеледі.

Егер бірдей санатты қауіпті заттардың бірнеше түрі қолданылса, онда олардың жиынтық шекті саны мына шартпен анықталады:

$$\sum_{i=1}^N \{ E [m (i)] / [M (i)] \} \geq 1$$

мұнда $m(i)$ - қолданылатын зат саны; $M(i)$ - осы тізбеге сәйкес барлық i үшін 1-ден N -ге дейін сол заттың шекті саны."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ